- [2] Rabiner L (2019). *A tutorial on hidden markov models and selected applications in speech recognition, 257–286.*
- [3] Orken Mamyrbayev, Nurbapa Mekebayev, Mussa Turdalyuly, Nurzhamal Oshanova, Tolga Ihsan Medeni and Aigerim Yessentay (2019). *Voice Identification Using Classification Algorithms. We are IntechOpen, the world's leading publisher of Open Access books Built by scientists, for scientists. London, 1 – 14 p.*
- [4] Cunningham, P., & Delany, S. (2019). *k-nearest neighbour classifiers. Multiple Classifier System, 1–17.*
- [5] Mermelstein P (2020). *Distance measures for speech recognition, psychological and instrumental. Pattern recognition and artificial intelligence. Vol. 116. 374–388.*
- [6] Dehak, N., Kenny, P. J., Dehak, R., Dumouchel, P., & Ouellet, P. (2019). *Front-end factor analysis for speaker verification. IEEE Transactions on Audio, Speech and Language Processing. 19(4), 1–11*
- [7] Toleu, A., Tolegen, G., & Makazhanov, A. (2021). *Character-aware neural morphological disambiguation. In: Proceedings of the 55th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics 2, 666–671. Association for Computational Linguistics, Vancouver, Canada.*
- [8] Kalimoldayev, M., Mamyrbayev, O., Mekebayev, N., Kydyrbekova, A (2020). *Algorithms for detection gender using neural networks// International Journal of Circuits, Systems and Signal Processing. 2020, 154–159*
- [9] Mekebayev N., Tuyebaev Ch., Sabrayev K., Yerkebay A. *Research of acoustic and linguistic modeling based on repetitive neural networks for speech recognition of children // Bulletin of physics & mathematical sciences. No1(77), 2022, <https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7901.16> , No1(77), 2022, 119-126*
- [10] Freund, Y., & Schapire, R. E. (1999, Dec). *Large margin classification using the perceptron algorithm. Machine Learning, 37(3), 277–296. doi:10.1023/A:1007662407062*

Д.Р. Рахимова^{1,2}, Ә.Т. Турарбек^{1,2*}, Р.Р. Галимова³, А.М. Акимбаева⁴

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы қ., Қазақстан

³Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған № 54 бөбекжай-балабақшасы, Алматы қ., Қазақстан

⁴№6 Мүмкіншіліктері шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: turarbek_asev@mail.ru

WORD2VEC ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің нашарлауы қоғамдағы күрделі мәселеге айналды. Арнайы орталықтар мен мамандарға жүгінетін ата-аналардың саны жылдан жылға артып келеді. Зерттеудің мақсаты – баланың дамуында тиімділікке қол жеткізуге ықпал ететін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сөйлеуді түзету саласында ақпараттық жүйені құру қажеттілігі. Бұл мәселені шешу үшін қазақ тіліндегі жаңа қосымша әзірленді. Мақалада сөйлеу тілі бұзылған балаларға қазақ тілін оқыту жүйесін құру әдістемесі, соның ішінде қазақ тілінің синонимдер сөздігі қарастырылған. Синонимдер сөздігі баланың деңгейіне қарай сөздік қорын молайта отырып, дұрыс және ана тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Ұсынылып отырған тәсілдің жаңалығы қазақ тіліндегі мәтіндердегі мағыналық жағынан ұқсас сөздерді анықтауында. Бұл жұмыс логопедия саласындағы жаңа педагогикалық жүйені автоматтандыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: машиналық оқыту, Word2Vec, сөздік, қазақ тілі, логопедия, мобильді қосымша.

Д.Р. Рахимова^{1,2}, А. Т. Турарбек^{1,2}, Р.Р. Галимова³, А.М. Акимбаева⁴

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²Институт информационных и вычислительных технологий, г. Алматы, Казахстан

³Коррекционный ясли сад №54 для детей с тяжелыми нарушениями речи, г. Алматы, Казахстан

⁴Специальная школа-интернат №6, г. Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ НА ОСНОВЕ МЕТОДА WORD2VEC

Аннотация

Нарушение речи у детей дошкольного возраста стало серьезной проблемой общества. Из года в год увеличивается количество родителей, обращающихся в специальные центры и специалистов. Целью исследования является необходимость создания информационной системы в области коррекции речи, применяя новые технологии, которые будут способствовать достижению эффективности в развитии ребенка. Чтобы решить эту проблему, мы разработали новое приложение на казахском языке. В статье описан способ построения системы обучения казахскому языку детей с нарушениями речевых способностей включающий словарь синонимов казахского языка. Словарь синонимов работает на развитие речевых навыков правильно и на родном языке, увеличивая словарный запас в зависимости от уровня ребенка. Новизна предлагаемого подхода заключается в выявлении семантически близких по смыслу слов в текстах на казахском языке. Данная работа способствует автоматизации новой педагогической системы в области логопедии.

Ключевые слова: машинное обучение, Word2Vec, словарь, казахский язык, логопедия, мобильное приложение.

D. Rakhimova^{1,2}, A. Turarbek^{1,2}, R. Galimova³, A. Akimbaeva⁴

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²The Institute of Information and Computational Technologies, Almaty, Kazakhstan

³Correctional nursery garden №54 for children with severe speech disorders, Almaty, Kazakhstan

⁴Special boarding school №6, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT SYSTEM LEARNING DETAILS WITH STRUCTURAL LANGUAGES BASED ON WORD2VEC

Abstract

Speech impairment in preschool children has become a serious problem in society. The number of parents turning to special centers and specialists increases from year to year. The purpose of the study is the need to create an information system in the field of speech correction, using new technologies that will contribute to achieving effectiveness in the development of the child. To solve this problem, we have developed a new application in the Kazakh language. The article describes a method for constructing a system for teaching the Kazakh language to children with speech impairments, including a dictionary of synonyms of the Kazakh language. The dictionary of synonyms works to develop speech skills correctly and in the native language, increasing vocabulary depending on the child's level. The novelty of the proposed approach lies in the identification of words that are semantically similar in meaning in texts in the Kazakh language. This work contributes to the automation of a new pedagogical system in the field of speech therapy.

Keywords: machine learning, Word2Vec, dictionary, Kazakh language, speech therapy, mobile application.

Негізгі ережелер

Заман ағымының әсерінен әлемде адамдардың өмір сүру дағдылары мен құндылықтарының өзгеруіне байланысты сөйлеу дамуында ауытқулары бар балалар санының өсуі байқалады. Олардың арасында интеллекті мен есту, көру қабілеті жетілгенімен сөйлеу функциялары нашар балалар тобы ерекшеленеді. Бұл балалардың көпшілігі жалпы білім беретін мектепке баратындықтан, олар оқу және бірқатар қиындықтарға тап болады. Сол себепті сөйлеу қабілеті нашар балалар үшін қазақ тілінде оқыту жүйесін құру өте маңызды.

Кіріспе

Сөйлеу дамуының кешігуін зерттеудің өзектілігі соңғы уақытта осы патологиясы бар балалар санының артуы фактісімен анықталады. Балалық шақта сөйлеуді қалыптастырудың барлық теориялары генетикалық бейімділіктерді жүзеге асыруға ықпал ететін туа біткен қабілеттер мен қоршаған орта факторларының өзара әрекеттесуіне баса назар аударады [1]. Сөйлеу кемшіліктері салдарынан баланың өзіндік қабілеттеріне деген сенімсіздігін тудыруы және сәтсіздікке әкелуі мүмкін. Көп жағдайда балаларда белгілі бір дәрежеде дыбыстық айтылымның ғана емес, сонымен қатар лексикалық құрамның, сөйлеудің грамматикалық құрылымының, фонемалық процестердің бұзылуы болады. Мұның бәрі балаларды мектепке дайындау процесін қиындатады. Қазақстанның өзінде «соңғы 10 жыл ішінде сөйлеу қабілеті нашар балалардың саны 25 пайызға өсті», – дейді түзету педагогикасы ғылыми-практикалық орталығының мамандары. Ресми түрде 45 мыңға жуық сәби есепте тұр. Әсіресе, 1-сынып оқушыларының арасында осындай диагноздағы балалар саны артқанын байқауға болады. Әр сыныпта аз дегенде сөйлеу қабілеті нашар 4-5 оқушы оқиды [2]. Бұл жағдайға көбіне қазақы менталитеттің әсері де тигені анық. Ата-аналардың басым көпшілігі баланың бұндай әрекетін қалыпты санап, алдын ала арнайы балабақшаға берместен оларды мектепке оқытады. Ал баланың жетік сөйлей алмауы бала психикасының кеш дамуынан бастап, жоғарыда атап өткендей түрлі қиындықтарға әкеліп соғады. Сөйлеу қабілетінде нашар балаларға арналған арнайы бағдарламалар мен түрлі іс-шаралар жасалғанмен, гаджет пен телефонда ойнап отырып сөйлеуге талпынбайтын балалар саны өте көп. Сөйлеу қабілеті нашар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған қарапайым оқыту құралдарының қазақ тіліндегі нұсқасын табу қиын. Ал оқитын балалардың саны күн санап күрт өсуде.

Қазіргі қоғамды ақпараттық компьютерлік жүйелерсіз елестету қиын. Сөйлеу қабілеті нашар балалар үшін түрлі электронды орта, жаңа технология бала қызығушылығын арттырады. Заманауи ақпараттық технологиялар логопед-мұғалімге логопедтік түзету сабақтарын нәтижелі өткізуге көмектеседі [3,4]. Логопедия саласының даму кезеңінде жаңа педагогикалық үрдіс, фронтальды логопедиялық сабақ өткізуге жаңа әсер беретін заманауи әдістерді қолдану қажеттілікті туындап отыр. Дамыған мемлекеттердің тәжірибелеріне сүйенсек, балаларды сөйлеуге үйретіде инновациялық технологияларды пайдалану сөйлеу қабілеті нашар балалардың пайыздық көрсеткішін азайта алады. Ол үшін баланың сөйлеу қабілетін жақсартуға арналған құралдары әзірлеу, елде болмаған аппараттар мен логопедия орталықтарының ақпараттық жүйесін құру қажет.

Соңғы жылдарда балалардың тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған, білім беру ресурстарын әзірлеуде табиғи тілді өңдеу Natural language processing (NLP) әдістерін қолдану кеңінен танымал болды. Осындай әдістердің бірі Word2Vec әдісі болып табылады, ол әртүрлі тілдерге арналған синонимдер мен антонимдердің сөздіктерін жасау үшін қолданылған. Зерттеудің басты мақсаты Word2Vec алгоритмін пайдалана отырып, табиғи тілді өңдеу саласында логопедиялық оқыту құралы ретінде синонимдік сөздікті құру және оны, сөйлеуді қабілетін арттыруға арналған жүйеде қолдану болып табылады. Синонимдік сөздік Word2Vec әдісі арқылы тек сөз тіркесін ғана емес, сонымен қатар сөз тіркесінің жақындықтарды да анықтауға мүмкіндік береді.

Мысалы, Kumar зерттеуінде (2019) Word2Vec әдісі хинди тілінде жиі қолданылатын сөздердің синонимдері мен антонимдерін қамтитын хинди тезаурусын әзірлеуде пайдаланды. Сөйлеу қабілеті нашар балалардың тіл байлығын арттыруда тезаурус пайдалы екені анықталды [5]. Сол сияқты, Mavridis (2020) Word2Vec әдісін балалар жиі қолданатын сөздердің синонимдері мен антонимдерін қамтитын грек тезаурусын жасау үшін пайдаланылды [6].

Қазақ тілі контекстінде Серікболова мен Шөкеева (2019) Word2Vec әдісі арқылы қазақ тілінің синонимдер сөздігін жасады. Алынған сөздік 500-ден астам сөздер мен сөз тіркестерін қамтиды, олар тақырыптық түрде ұйымдастырылған және суреттер мен қарапайым анықтамалармен сүйемелденеді. Сөздіктің сөйлеу қабілеті нашар балалардың тіл байлығын арттыруға пайдасы бар екені анықталды [7]. Серікболова мен Шөкеева (2020) бұрынғы жұмыстарына сүйене отырып, қазақ тілінің синонимдер сөздігінің кеңейтілген нұсқасын әзірледі. Сөздік 800-ден астам сөздер мен сөз тіркестерін қамтиды, сонымен қатар тағам, жануарлар және эмоциялар сияқты категориялар бойынша тақырыптық түрде ұйымдастырылған. Сөздік Қазақстандағы мектеп жасына дейінгі балалардың тіл байлығын арттыруда пайдалы екені анықталды [8]. Серікболова мен Шөкеева (2021) өздерінің соңғы зерттеулерінде қазақ тілінің синонимдер сөздігін 1000-нан астам сөз бен сөз тіркесіне кеңейтті. Сөздік сөйлеу қабілеті нашар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған және оқу орындарында пайдалануға арналған. Сөздік түстер, пішіндер, тұрмыстық заттар сияқты категориялар бойынша тақырыптық түрде ұйымдастырылған, суреттер және қарапайым анықтамаларды қамтиды. Зерттеу барысында сөздіктің Қазақстандағы мектеп жасына дейінгі балалардың тіл байлығын арттыруда тиімді екені анықталды [9].

Сонымен қатар, осы негізінде қазақ тіліндегі синонимдерді анықтауға және қазақ тілін оқытуға бағытталған онлайн платформа жұмыс істейді. Бұл әр түрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты тіркестердің, қазақ тіліндегі көне сөздердің, кірістірме сөздердің, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңінде жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін алаң. Сөздік порталының іздеу жүйесі арқылы фразеологиялық тіркестегі немесе сөйлем ішіндегі сөздердің, синонимдердің, антонимдердің, омонимдердің, кездесулердің анықтамасын бір бетте көруге болады. Қазіргі уақытта қорда 1 243 850 сөз бар. Платформа кез келген сөздің синонимін табуға көмектеседі.

Бұл зерттеулер Word2Vec әдісінің әртүрлі тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне арналған синонимдік сөздіктерді жасаудағы тиімділігін анықтайды және сөйлеу қабілеті нашар

балалардың тілдік дағдыларын жетілдіруді әдісі екенін көрсетеді. Зерттеулер мектеп жасына дейінгі балалар үшін ресурстарды қол жетімді және ыңғайлы ету үшін сөздіктерді тақырыптық түрде ұйымдастырудың және арнайы суреттер мен қарапайым анықтамаларды берудің маңыздылығын ұсынады. Сөйлеу қабілеті нашар балалардың саны күн сайын артып келеді. 2021 жылдың тамызына [10] жаңа оқу жылына Алматының өзінде сөйлеу қабілеті нашар 640 мектеп жасына дейінгі бала тіркелді. Осындай өзекті мәселені шешу үшін табиғи тіл өңдеуді қолданып, кем дегенде баланың сөздік қорын дамытатын синонимдік сөздік жасауға болады. Өзірленген әдіс баланың жасы мен оқу қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Жасалған синонимдік сөздік сөйлеу қабілеті нашар балаға оқуға дұрыс тақырыптық сөздерді құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл тез ассимиляцияға және сөздік қорын кеңейтуге мүмкіндік береді. Логопедия саласында мұндай оқу құралдары жоқтың қасы. Бұл зерттеу жұмысының мақсатты аудиториясы – сөйлеу дағдылары нашар мектеп жасына дейінгі балалар мен логопедия саласындағы кәсіби мамандар.

Зерттеу әдіснамасы

Ақпараттық технологияларды логопедия саласында қолдану сөйлеу қабілеті нашар балалар үшін өте маңызды болып келеді. Ал оны қазақ тілінде сөйлеуді үйрету және қазақ тілінде сөйлетін балалар үшін оны қолдану өте қажет. Қазақ аудиториясына арналған қосымшалар мен құралдарға талдау жасайтын болсақ, Android жүйесіне арналған жалғыз ғана қосымша бар. Оның өзі 1-суретте көрсетілгендей арнайы логопед маманның курсына арналған Майра Болатбекқызының тапсырысымен жасалған ақылы қосымша. Қосымша біріншіден, ақылы болғандықтан көп адамға қолжетімсіз. Екіншіден, екі бөлімнен ғана тұрады, олар – ойындар және видео, аудио сабақтар. Қосымшаның сипаттамасына қарағанда үй жағдайында баланың онлайн түрде дайындығын қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, 2-суретте көрсетілгендей қазақ тіліндегі балаларға сөздерді айтып үйретуге арналған ойындар топтамалары бар.



Сурет 1. «Өз-өзіне Логопед!» ең алғашқы қазақ тіліндегі қосымша



Сурет 2. «Қазақша сөздер балаларға» Android қосымшасы

Технология дамыған заманда кез келген ақпараттың тез әрі сапалы, қолжетімді жеткізудің жолын қарастыру шарт. Орыс тілінде ақпарат қарапайым халыққа қолжетімді болып келеді. Оның айқын дәлелі, осы логопедия саласынан орын алып отыр. Қосымша тегін, қолдануға ыңғайлы жасалғанымен, дизайны мен қамтитын ақпараттық ресурсы аз. Логопедия саласында айтарлықтай бәсекелестіктің жоқ екеніне осы екі қосымша дәлел. Ендігі мақсат логопедия саласында ақпараттық жүйе мен технологияны дамыту. Балаларға арналған қазақ тіліндегі жаңа заман ақпараты көбейген сайын қазақ тілінің мазмұнының кеңеюіне үлес қосу керек (1-кесте).

Кесте 1. Орыс және ағылшын тіліндегі мобильді қосымшаларды пайдаланушы тұрғысынан талдау


Қосымшаның атауы	Орыс тіліндегі мобильді қосымшалар			Ағылшын тіліндегі мобильді қосымшалар		
	«Домашний логопед»	«ЛОГО-ПЕДУЯ»	«Развитие речи у детей»	«Speech Blubs: Language Therapy»	«Speech Therapy: Practice S»	«Therapy for Autism & Speech & Learning Disabilities»
Категориялар						
Ыңғайлы интерфейс	+	+	+	+	+	+
Видео, аудио форматтағы файлдар	+	+	+	+	+	+
Ойындар	+	-	+	+	+	+
Ақысыз бағдарлама	+	+	+	+	+	+
Кері байланыс	-	-	-	-	+	+

Талдау нәтижесін қорытындыласақ, ағылшын тілді бағдарламаларға қарағанда орыс тілді аудиторияға арналған мобильді қосымшалар қатары қарқынды дамыған. Кез келген форматта тегін немесе ақылы түрде жүктеуге болады. Ағылшын тіліндегі қосымшалар жүйелендірілген, яғни аудиториясы нақты, ұсынатын ақпараты анық және интерфейсі ыңғайлы ойластырылған. Ал орыс тілінде құрылған қосымшаларда жүйесіз жасалған, қолдануға ыңғайсыз, қамтитын ақпарат ауқымы аз қосымшалар. Кері байланыс функциясы қарастырылған қосымша міндетті түрде ақылы негізде ұсынылады. Сонымен қатар, мобильді қосымшаны байқап көру үшін, бастапқы деңгейлерін тегін қолжетімді етіп, қалған ең керек деген ақпараттар мен функцияларды ақылы түрде жасаған. Егер қосымша толық тегін әрі маманмен кері байланысы болса, ол маманның қызметін сатуына негізделген болып табылады. Осылайша жүйелерге жасалған талдау негізінде қазақ тілінде сөйлеуді үйрететін мобильді қосымшаны құру үшін көптеген мәселелер ескерілу қажет. Балаларға арналған оқытудың ақпараттық жүйесін, мобильді қосымша құралы ретінде құрастыру процесін модельденді. Модельде жүйенің кіріс, шығыс деректері көрсетіледі. Оларға:


- Кіріс: психологиялық сабақтар, логопедпен арнайы сабақтар, ойындар, бала туралы деректер және кері байланыс;
- Шығыс: жүйе дайын ақпараттық мобильді қосымша негізінде құрылып дайындалады;
- Басқарушы: арнайы балалармен жұмыс нұсқаулығы және әдістемелік кітаптар;
- Механизмдер: логопед маман мен қолданушы.

Таңдалған ақпаратпен 3-суретте көрсетілгендей IDEF0 AS-IS моделінің А0 блогында модель сыздық. 4-суретте көрсетілген балаларға арналған оқыту жүйесін әзірлеудің негізгі жұмысын бес тапсырмасы бөлініп, бейнеленген:

- жүйеге кіру;
- психологиялық дайындалу;
- логопедпен арнайы жұмыс жасау;
- ойындар ойнау;
- кері байланыс жасау.



Сурет 3. Балаларға арналған оқыту жүйесін әзірлеу процесінің IDEF0 AS-IS моделі. А0 Блогы



Сурет 4. Балаларға арналған оқыту жүйесін әзірлеу процесінің IDEF0 AS-IS моделі. А0 блогының декомпозициялануы

Жүйе компонентті іске қосқан кезде, компонентке тиесілі бағдарлама процесі басталады және компонентке қажет класс даналарын құрады. Сондықтан, көптеген басқа жүйелерден айырмашылығы, Android жүйесінде қосымшада бірыңғай кіру нүктесі жоқ. Әр қосымшаның жеке процесте іске қосылуына және файлдарға кіру шектеулеріне байланысты бағдарлама басқа компонентті тікелей іске қоса алмайды. Осылайша, ол үшін жүйеге белгілі бір компонентті іске қосу туралы хабарлама жіберу керек, жүйе оны іске қосады.

Компоненттердің төрт түрі болады, олардың әрқайсысы белгілі бір мақсатқа жетуге қызмет етеді және тиісті компонентті құру және жою тәсілдерін анықтайтын өзіндік циклі болады. Android қосымшаларының негізгі компоненттерін қарастырылды, олар:

1. Әрекет (Activities) – бұл қосымшаның көрінетін бөлігі (экран, терезе, пішін), графикалық пайдаланушы интерфейсіні көрсетуге жауап береді;

2. Қызмет (Services) – фондық режимде, ұзақ уақыт жұмыс істейтін немесе қашықтағы процестер үшін жұмыс жасайтын компонент;

3. Контент-провайдерлер (Content providers) – мазмұн провайдері қосымша деректерінің таратылған жиынтығын басқарады;

4. Хабар тарату қабылдағыштары (Broadcast Receivers) – қабылдағыш-хабар тарату хабарламаларына жауап беретін компонент [11].

Жалпы, Android қосымшасы мынадай бөліктерден тұрады:

- Android SDK (View, Activity, ContentProvider, Service, Broadcast-Receiver, Intent) негізгі кластары болып табылатын Java кластары;

- қосымшаның манифестасы;

- жолдар, суреттер және т. б. сияқты ресурстар;

- файлдар.

Қосымша ішіндегі деректер Firebase реляциялық деректер қоры арқылы өңделеді. JSON деректерін Firebase-де сақтаған кезде, өзгерістер оларды сұраған барлық клиенттер, веб және мобильді құрылғылар үшін бірден жібереді. Кірістірілген тұрақты файл хостинг, пайдаланушы басқару және қауіпсіздік ережелерімен Firebase заманауи қосымшаларды бұрынғыдан тезірек құруға көмектеседі. Firebase деректердегі өзгерістер туралы хабарлау үшін, сондай-ақ алғаш деректерді алу үшін оқиғаларға негізделген модель қолданылады [12].

Firebase деректер қорының мүмкіндіктері:

- Analytics – қосымша бойынша аналитика: аудитория мөлшері, пайдаланушылар туралы ақпарат, қосымшадағы оқиғалар және т.б.;

- Authentication – пайдаланушылар өздерінің есептік жазбаларын қосымшаға байланыстыра алады және оларға кез-келген деректер қосылады. Бұл жерден келесі провайдерлерге қолдау көрсетіледі: Google, Facebook, Twitter, GitHub;

- Realtime Database – тіркеу үшін нақты уақытта өзгерістермен жұмыс істейтін деректер қоры.

Құрылған қосымшаның басты ерекшелігі «Логопедпен жұмыс жасау» бөлімінде синонимдер сөздігі кірістірілген. Қазақ тіліндегі сөйлеу қабілеті нашар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған синонимдер сөздігін құру үшін табиғи тілі өңдеу әдісі ретінде Word2Vec әдісі таңдалды. Бұл әдіс контекст негізінде семантикалық және синтаксистік мағынаны қамтитын сөздерді енгізу үшін кеңінен қолданылды. Ол терезе өлшемі, вектор өлшемі және ең аз сөз жиілігі сияқты пайдаланылған гиперпараметрлерді анықтайды. Сондай-ақ Word2Vec әдісімен оқыту үшін пайдаланылатын дәуірлер саны мен пакет өлшемін қоса алғанда, оқыту процесін талқылайды. Онда модельдің өнімділігін бағалау және сарапшылардан алынған кері байланыс туралы айтылады. Сөздерді кірістіру мағынасы ұқсас сөздерді анықтауға және синонимдер сөздігін жасауда сәйкес баламалар беруге қолайлы тәсілді қамтамасыз етеді [13].

Корпусты алдын ала өңдегеннен кейін теріс сынамамен Skip-gram архитектурасын пайдаланып, Word2Vec әдісі оқытылды. Тренинг Python тіліндегі Gensim кітапханасы арқылы келесі гиперпараметрлермен орындалады:

- Терезе өлшемі: 5;

- Вектор өлшемі: 100;


- Минималды сөз жиілігі: 5.

Терезе өлшемі параметрі оқытуда қарастырылатын мақсатты сөз бен контекстік сөздер арасындағы ең үлкен қашықтықты анықтайды. Терезенің кішірек өлшемі сөздер арасындағы жергілікті қарым-қатынастарды түсіруге бейім, ал үлкен терезе өлшемі аумақты қатынастарды түсіреді. Бұл зерттеуде тақырып бойынша алдыңғы зерттеулер негізінде 5 терезе өлшемін таңдалған.

Word2Vec әдісін таңдау бірнеше факторларға негізделді, оның ішінде бақылаусыз оқыту сипаты, үлкен көлемдегі деректерді тиімді өңдеу мүмкіндігі және сөз енгізу тиімділігі. Бұл әдіс оқыту үшін қолмен белгіленген деректерді қажет етпейді, бұл оны қазақ тіліне қолайлы етеді. Жиналған корпус алдын ала тоқтау сөздерін, тыныс белгілерін және басқа маңызды емес деректерді алып тастау арқылы өңделді, содан кейін олардың өлшемдерін азайту үшін қалған сөздерді лексемалау және түбірлеу жүргізілді [14].

Word2Vec әдісінің екі алгоритмі бар, олар 5 суретте көрсетілген:

- CBOW;
- Skip-gram.



Сурет 5. Екі Word2Vec моделінің салыстырмалы алгоритмі [15]

CBOW. Үздіксіз сөмке (CBOW) Word2Vec әдісінің архитектураларының бірі болып табылады, ол контекст негізінде сөздердің векторлық бейнелерін жасау үшін қолданылады. CBOW негізгі идеясы - оның айналасындағы сөздердің контекстіне негізделген ағымдағы сөзді болжау. Мысалы, «Мен ... (кешкі ас) ішкенді ұнатамын» сөйлемінде контекстіне сүйене отырып, «кешкі ас» сөзін болжауға тырысады. CBOW үлгісін үйрету үшін бір жасырын қабаты бар нейрондық желі қолданылады. Кіріс мәтінмәндегі сөздердің векторлары, ал шығыс - біз болжауға тырысып жатқан сөздің векторы. Жасырын қабат нейрондары контекстік сөздерді біріктіреді және сөздіктегі әрбір сөздің ықтималдығын есептейді, содан кейін олар желінің салмақтарын жаңарту үшін пайдаланылады. CBOW артықшылықтары қысқа мәтіндер мен бірнеше бірегей сөздері бар мәтіндерде жақсы жұмыс істеуді қамтиды. CBOW қарапайым мәтіндерді Skip-gramға қарағанда жылдамырақ үйренеді. Дегенмен, құрылымы күрделірек мәтіндерде немесе бірегей сөздердің көп саны бар мәтіндерде CBOW дәлдігі азырақ. Сондай-ақ, CBOW әдетте сөз векторларын сақтау үшін көбірек жады қажет етеді.

$$Q = N \times D + D \times \log_2(V) \quad (1)$$

Мұндағы, Q - параметрлер саны, N - сөзді көрсету векторларының өлшемі, D - контекстік терезе өлшемі, V - сөздіктің өлшемі. Сөзді көрсету векторларының өлшемі («эмбеддинг» деп те аталады) мәтіндегі әрбір сөзді көрсету үшін пайдаланылатын сандық мәндердің саны болып табылады. Мысалы, сөзді көрсету векторының өлшемі 100 болса, онда әрбір сөз 100 санның векторы ретінде көрсетіледі.

Skip-gram. Skip-gram сөздердің векторлық көріністерін жасау үшін қолданылатын Word2Vec моделінің архитектурасы. CBOW-тен айырмашылығы, Skip-gram берілген мақсатты сөз үшін контекстік сөздерді болжауға тырысады. Яғни, егер бізде «Мен ... (кешкі ас) ішкенді ұнатамын» деген сөйлем болса, Skip-gram «кешкі ас» мақсатты сөзіне сүйене отырып, «мен», «ұнату», «ішу» деген сөздерді болжауға тырысады. Skip-gram әрбір ағымдағы сөзді үздіксіз проекциялық қабаты бар сызықты классификаторға кіріс ретінде қолданады және ағымдағы сөзге дейін және кейін белгілі бір аралықтағы сөздерді болжайды. Аралықты ұлғайту нәтижесінде алынған сөз векторларының сапасын жақсартатынын анықтадық, бірақ ол сонымен қатар есептеу күрделілігін арттырады. Бұл архитектураның оқыту күрделілігі

пропорционалды болады. Нейрондық желі Skip-gram моделін үйрету үшін де пайдаланылады, бірақ CBOW-мен салыстырғанда кері архитектурасы бар. Кіріс - мақсатты сөз және шығыс - контекстік сөздер. Жасырын қабаттағы нейрондар мақсатты сөзді векторға түрлендіреді және оны контекстік терезеде контекстік сөздерді болжау үшін пайдаланады.

Skip-gram артықшылығы сирек сөздерді жақсырақ өңдеуді және сөздер арасындағы семантикалық қатынастарды дәлірек модельдеуді қамтиды. Сондай-ақ Skip-gram мәтіннің үлкен көлемін жақсы меңгереді және күрделі мәтін құрылымдарын дәлірек есептей алады. Дегенмен, Skip-gram көбірек есептеу ресурстары мен оқу уақытын қажет етеді, әсіресе мәтіннің үлкен көлеміне.

$$Q=C \times (D+D \times \log_2(V)) \quad (2)$$

мұндағы C - сөздердің максималды қашықтығы. Осылайша, егер $C=5$ таңдасақ, әрбір жаттығу сөзі үшін кездейсоқ R санын <1 аралығында таңдаймыз; $C >$, содан кейін дұрыс белгілер ретінде тарихтағы R сөздерін және ағымдағы сөздің болашақтағы R сөздерін пайдалану керек. Бұл ағымдағы сөзді кіріс ретінде және $R+R$ сөздерінің әрқайсысын шығыс ретінде көрсете отырып, $R \times 2$ сөз жүктелуін талап етеді. Келесі тәжірибеде $C=10$ [16] қолданылған. CBOW және Skip-gram екеуінің де артықшылықтары мен кемшіліктері бар. CBOW тезірек жаттығады және жиі сөздерді жақсы орындауға бейім, ал Skip-gram жаттықтыруда баяу, бірақ сирек сөздерді жақсырақ орындауға бейім және сөз қатынастары туралы толық ақпаратты жинайды [17].

Зерттеу нәтижелері

Бұл зерттеуде Word2Vec әдісі негізінде қазақ тілінде сөйлеу қабілеті нашар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған синонимдер сөздігінен тұратын мобильді қосымша жасауды мақсат етілді. Ол үшін қазақша мәтіннің корпусын жиналды және оны тоқтау сөздерін, тыныс белгілерін және басқа да маңызды емес деректерді алып тастау үшін алдын ала өңделді, содан кейін қалған сөздерді лексемалау және түбірлеу жүргізілді. Word2Vec әдісі корпустағы әрбір сөз үшін сөз енгізу алдын ала өңделген корпуста оқытылады. Келесі қадам ретінде оқыту жүйесінің моделін құрылды, оның ішіне жоғарыда сипатталған синонимдер сөздігі қосылды. Word2Vec әдісінің өнімділігін бағалау үшін екі көрсеткіш қолданылды: косинус ұқсастығы және сөз ұқсастығы. Косинус ұқсастығы екі вектор арасындағы ұқсастық дәрежесін өлшейді, ал сөз ұқсастығы екі сөз арасындағы ұқсастықты кірістіру негізінде есептейді. Сөздердің жұптары арасындағы косинус ұқсастығы мен сөз ұқсастығын есептеп, нәтижелерді адам белгілеген ұқсастықпен салыстырылды [18].

Gensim. Gensim – табиғи тілді өңдеуге арналған танымал Python кітапханасы, ол сөз ендірілген сөздерді құру және пайдалану құралдарын ұсынады. Оның ең танымал мүмкіндіктерінің бірі Word2Vec әдісі болып табылады, ол мәтін корпусындағы бірлесе пайда болу статистикасына негізделген жоғары сапалы сөздерді енгізу үшін қолданылады. Gensim сөзді ендіруден басқа, сонымен қатар тақырыпты модельдеуге, ұқсастық сұрауларына және басқа табиғи тілді өңдеу есептеріне арналған құралдарды ұсынады.

Деректерді жинау және алдын ала өңдеу. Бұл зерттеуде пайдаланылған қазақ тілінің деректер жинағы балалардың әдеби кітаптарынан және әлеуметтік желілерден жиналды. Деректер жинағы шамамен 300 мың сөзден тұрды. Содан кейін таңбалау, кіші әріппен жазу және тоқтату сөздері мен тыныс белгілерін алып тастау сияқты алдын ала өңдеу қадамдары орындалды. Word2Vec әдісін үйрету үшін пайдаланылған соңғы деректер жинағы шамамен 70 мың сөзден тұрды. Корпус деректері бірнеше негізгі тақырыптар бойынша жіктелді: объектілер, табиғат, жануарлар, отбасы.

Модельдік тренинг. Енгізу өлшемі 100, 4 жұмысшы және ең аз саны 1 болатын Gensim кітапханасын пайдаланып Word2Vec әдісі оқытылды. Модель алдын ала өңделген деректер жиынында оқытылды және оқу процесі 16 Гб жедел жады бар құрылғыда шамамен 30 минутқа созылды.

Бағалау көрсеткіштері. Word2Vec әдісі екі метрика арқылы бағаланды: (1) косинус ұқсастығы және (2) ең ұқсас сөздер. Енгізу кеңістігіндегі екі сөздің ұқсастығын өлшеу үшін косинус ұқсастығы қолданылды [19]. Ұқсас сөздердің көпшілігі берілген сөздің синонимдерін анықтау үшін қолданылған.

Синонимді алу. Берілген сөздің синонимдерін шығару үшін Word2Vec әдісімен берілген ең ұқсас сөздер қызметі қолданылды. Мысалы, «жеміс» сөзінің синонимдерін шығару үшін келесі код қолданылды:

```
#Embedding size
Embedding_Dim = 100
#train word2Vec model
model = gensim.models.Word2Vec(sentences = final, size = Embedding_Dim, workers = 4,
min_count = 1)
word1 = 'Алма'
word2 = 'жеміс'
Vector1 = model.wv[word1]
Vector2 = model.wv[word2]
similarity = np.dot(Vector1, Vector2) / (np.linalg.norm(Vector1) * np.linalg.norm(Vector2))
print('Cosine similarity between', word1, 'and', word2, ':', similarity)
model.wv.most_similar('жеміс')[:5]
```

Бұл кодтың нәтижесі «жеміс» сөзіне ең ұқсас бес сөзді берді, олар «жеміс», «алма», «алмұрт», «алхоры» және «өрік» болды.

Косинус ұқсастығын бағалау. Косинус ұқсастық метрикасын бағалау үшін екі сөз арасындағы ұқсастықты өлшеп, нәтижелерді олардың белгілі ұқсастығымен салыстырылды. Мысалы, «алма» және «жеміс» арасындағы косинус ұқсастығын өлшеу үшін келесі код қолданылды:

```
Vector1 = model.wv['алма']
Vector2 = model.wv['жеміс']
similarity = np.dot(Vector1, Vector2) / (np.linalg.norm(Vector1) * np.linalg.norm(Vector2))
print('Cosine similarity between', 'алма', 'and', 'жеміс', ':', similarity)
```

Бұл кодтың нәтижесі 0,53 болатын «алма» және «жеміс» арасындағы косинус ұқсастық балл берді. Содан кейін бұл балл олардың белгілі ұқсастығымен 0,68 салыстырып, Word2Vec моделінің олардың семантикалық ұқсастығын анықтауда жақсы жұмыс істейтінін анықталды, ол 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Косинус ұқсастығын бағалау

Түпнұсқа сөз	Косинус ұқсастығы	Адам таңбаланған ұқсастық
Алма – жеміс Apple – fruit	0.53	0.68
Алма – ағаш Apple – tree	0.61	0.71
Жеміс – ағаш Fruit – tree	0.44	0.5
Алмұрт – ағаш Pear - tree	0.6	0.67

Ол ұсынылған әдістің өнімділігін бағалау үшін әртүрлі сөздер жұптары арасындағы косинус ұқсастығы оқытылған Word2Vec әдісін қолданылады. Сонымен қатар, ұсынылған әдіс

сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған қазақ тілінің синонимдерінің сөздігін жасау үшін пайдаланылды. Сөздік деректер жиынындағы әрбір сөз үшін ең ұқсас 5 сөзді табу арқылы құрылады. Нәтижесінде сөздікте әр сөздің көп синонимі бар екенін анықтадық, бұл сөйлеу қабілеті нашар балаларға сөздік қорын және әртүрлі дағдыларын жетілдіруге көмектесуі мүмкін.

Осылайша, Word2Vec арқылы әзірленген қазақ тілінің синонимдер сөздігі сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған сөздердің синонимдерін анықтауда тиімді болып шықты. Косинус ұқсастығын бағалау Word2Vec әдісінің сөздер арасындағы мағыналық ұқсастықты, ал ең ұқсас сөздер қызметі синонимдерді тиімді анықтауға қабілетті екенін көрсетті. Word2Vec әдісі ұқсас мағыналары бар сөздердің жұптары арасындағы жоғары косинус ұқсастыққа қол жеткізді, бұл жасалған кірістіру сөздердің семантикалық мағынасын дәл түсіргенін көрсетеді. Модель мағыналары ұқсас сөздерді дәл анықтай алғанын көрсететін сөздердің ұқсастығының жоғары бағасына қол жеткізді.

Өзара әрекеттесуді жобалау және визуалды дизайн принциптерінің көпшілігі белгілі бір платформамен байланысты емес. Дегенмен, мобильді құрылғылар әртүрлі шектеулерге (экран өлшемі, енгізу әдістері және т.б.) байланысты ерекше ойларды қажет етеді.

Мобильді қосымша атауы «Ainalayn». Сыртқы интерфейсіне пайдаланушыға ыңғайлы болуы үшін барынша қарапайым әрі сәнді үйлесімділікті басты назарға ұсталған. Интерфейс дизайнындағы түстер бала психологиясын ескере отырып таңдалынды. Ашық, айқын, баланы жалықтырмайтын түс болуы бала психологиясына жағымды әсер береді. Интерфейсті мобильді жүйенің алғашқы бетінен-ақ сипаттауға болады (6-сурет). Алғашқы бетте жүйеге кіру және тіркелу батырмалары орналасқан. Қосымша құрылысына пайдаланушы тұрғысынан тоқталатын болсақ, жүйе:

- жүйеге кіру және тіркелу;
- пайдаланушының жеке кабинеті;
- логопедия бөлімі;
- психологиялық бөлім;
- ойындар бөлімі;
- кері байланыс бөліктерінен тұрады.

Жалпы жүйе кімдерге арналған:

- логопедия саласындағы мамандарға;
- сөйлеу қабілетінде қандай да бір кемшілігі бар балаларға;
- осы салада онлайн форматта оқыту жүйесін қолданылатын мамандарға.

Жаңа пайдаланушыны тіркеу тікелей деректер қорымен байланысты. DB_Functions ішінде файлда пайдаланушыны дерекқорға сақтау, пайдаланушыны дерекқордан алу қызметі бар. Сондай-ақ, пайдаланушыны жаңарту, пайдаланушыны жою сияқты әдістерді қосуға болады. Пайдаланушы идентификаторы 6-суретте қосымшаға жаңадан тіркелу беті көрсетілген.

1. Жаңа мәліметтерді енгізген кезде бағдарлама оларды Firebase МҚБЖ (мәліметтер қорын басқару жүйесі) жібереді.


2. Деректер қорында деректерді тексереді және егер олар дұрыс болса, таңбаларды белгілейді, ол қосымшаның кейінгі қосылымдары үшін аутентификацияның дәлелі болып табылады.

3. Кейін мәліметтер бұл таңбаларды қосымшаға жібереді.

4. Бағдарлама таңбаларды сақтайды.

5. Кейінгі авторизация кезінде қосымша қол жетімді белгіні алады және тіркеледі. Құпия сөздер ешқашан қосымшаның жадында сақталмайды.

Тіркелу бөліміндегі мәліметтер атрибуттарға меншіктеліп, пайдаланушының жеке кабинетінде автоматты түрде толтырылатын болады.



Сурет 6. Қосымшаның алғашқы беті. Тіркелу және кіру функциялары

Жаңадан тіркелген пайдаланушы жүйеге кіруі үшін алдымен, енгізілген ақпарат деректер қорымен сәйкестігі анықталатын болады. Деректер қорында жаңа жазба қосылғанда Email and Password() көмегімен пайдаланушыны құру қызметі қолданылады. Бұл қызмет екі міндетті параметрді қабылдайды: электрондық пошта және пароль. Қызмет пайдаланушы сәтті қосылған кезде, сондай-ақ, пайдаланушы сәтсіз қосылған кезде жұмыс істейтін оқиға өңдегіштерін қосылады. Деректер қорынан деректерді алу және пайдаланушыны авторизациялау үшін signInWithEmailAndPassword() әдісін пайдаланылды. Бұл әдіс екі параметрді (email және пароль) қабылдайды және сәтті немесе сәтсіз тіркелу үшін оқиға өңдеуді қамтиды.

7-суретте пайдаланушының жеке кабинеті көрсетілген, ол қосымшаның негізгі беті болып саналады. Алғаш қосымша ашылғанда пайдаланушының жеке кабинеті ашылады. Жеке кабинеттің мәліметтері пайдаланушы тіркелгенде автоматты түрде осы жаққа толтырылады. Негізгі бет ретінде пайдаланушыға қолайлы болуы үшін мәзір құралған.

Android мәзірдің екі түрін қолдайды: негізгі және контексті [20]. Ескі телефондарда жеке мәзір батырмасы бар, оны басу негізгі мәзірді ашады. Смартфондарда оның орнына қосымшаларда жиі қолданылатын ActionBar әрекеттер жолы пайда болды, ол арқылы мәзір оңай құрылады.


Мәзір құру үшін RES/menu жобасының каталогында XML файлын құрылады және келесі элементтер пайдаланылады:

– <menu> мәзір элементтері үшін контейнер болып табылатын Menu анықтайды. <Menu > элементі файлдың түпкі түйіні болуы тиіс және бір немесе бірнеше <item>және <group> элементтерін қамтуы мүмкін;

– <item> бұл MenuItem мәзірінде бір элемент атауын білдіреді. Бұл элементте ішкі мәзірді құру үшін кірістірілген <menu> элементі болуы мүмкін;

– <group> ол Item элементтері үшін қосымша көрінбейтін контейнер. Бұл мәзір элементтерін белсенді күйі мен көріну сияқты ортақ қасиеттерге ие жіктеу мүмкіндігін қарастырады.

«Ainalayn» қосымшасының пайдаланушыға беретін пайдасы онлайн түрде тегін видеосабақтар. Көпшілікке қолжетімсіз білімді қосымша арқылы ала алады. Android бағдарламасы бейне файлдардың ең көп таралған 3GPP (.3gp), WebM (.webm), Matroska (.mkv), MPEG-4 (.mp4) форматтағы түрлерін қолдайды. Бейне материалдармен жұмыс істеу үшін Android виджеттерінің стандартты жиынтығында бейнені ойнатуға мүмкіндік беретін бейне шолу класы анықталған.



Сурет 7. Пайдаланушының жеке кабинеті

Бейнені қарау мобильді құрылғыда орналастырылған роликтермен де, желідегі бейне материалдармен де жұмыс істей алады. Осылай бейне материалдарды пайдалана отырып, 8-суретте көрсетілген жаңа бөлім логопед маманмен арнайы сабақтарды көре аламыз.




Сурет 8. Логопедпен жұмыс бөлімі. Арнайы бейне сабақтар

Мобильді қосымшаның психологиялық бөлімі пайдаланушының ата-анасымен бірге қолдануға арналған бөлім. Сөйлеу қабілеті нашар балалардың ата-аналарына психологиялық дайындық ретінде, баламен қалай жұмыс жасағанда нәтижелі болатындығы, тағы да көптеген психологиялық білімдер және осы мобильді қосымшаны нәтижелі пайдалануға нұсқаулық ретінде арнайы сабақтар қарастырылған. Осы бөлімдегі видео форматтағы файлдарды алдын ала деректер қорына жүктеп, сілтеме арқылы қолданылады. Сілтеме арқылы қолдану ыңғайлы, уақытты және жады көлемін үнемдеуге көмектеседі. PutBytes() әдісі – файлды деректер

қорына жүктеудің ең тиімді жолы. Жадты аз пайдалану үшін `putStream()` немесе `putFile()` қолдануды қарастырған жөн. Пайдаланушы алған білімді кері байланыс жасауы үшін `.docx` форматтағы файл түрінде ақпараттар ағынын қалдыра алады. Пайдаланушыға пайдалы ақпараттардан бөлек қызықты ойындар ұсыну арқылы сөйлеуге деген құлшынысын оятуға болады. Ойын жасағанда баланың жас ерекшелігі мен қызығушылықтарын ескерген дұрыс. 9-суретте көрсетілгендей қосымшадағы ойын өте қарапайым құрылған. Бала сандарды шатаспай табуы керек. Дұрыс тапқан сайын жаңа деңгейге көтеріледі. Бұл баланың жаңа ақпарат қабылдау арқылы миын жаттықтыруға ықпал етеді. Сөйлеу қабілеті нашар балалар көп жағдайда тыңдағанды ұнатады. Тыңдау арқылы бірінші миы жаттығып, ол тілінің дамуына әсер береді. Сол себепті, пайдаланушыға көңілді болуы үшін қазақша фондық әуен қойылды.

Firestore деректер қорында «Файлдарға» өтіп, әндер жүктеледі. Әнді қосышамен байланыстыру үшін URL мекен-жайы қажет. Ән файлының оң жақ шетін шертіп, URL мекен-жайын көшіру керек. Сілтемені басқаннан кейін ол автоматты түрде көшіріледі. Ең алдымен, файлға өтіп, оған сілтемені қойылады. `Oncreate()` әдісіндегі айнымалылар анықталады. Осыдан кейін `onCreate()` әдісінде Media player данасын орнату керек.



Сурет 9. Қосымшадағы ойын бөлімі және ойындарды таңдау беті

Android ОЖ (операциялық жүйе) үшін көптеген қосылатын кітапханалар болады, оларды мақсатына қарай келесі топтарға жіктеледі:

1. Үйлесімділік кітапханалары. Олар Android ОЖ-нің кейбір нұсқаларында, платформаның бұрынғы нұсқаларында пайда болған мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Себебі, API-нің жаңа нұсқалары осы нұсқаны қолдайтын құрылғылар кеңінен қолданылғаннан гөрі тезірек шығады.

2. Арнайы мақсаттағы кітапханалар. Ойындарды дамыту, әлеуметтік желілермен жұмыс істеу, статистика жинау және басқа жағдайларда қолданылады.

3. Қосымша мүмкіндіктер беретін кітапханалар. Бұл санатқа көптеген кітапханаларды жатқызуға болады. Бұған графикалық сурет кітапханалары, суреттермен жұмыс, өзгертілген басқару элементтері.

Кітапханалар жиналған және пайдалануға дайын `jar` файлдары түрінде жеткізілуі мүмкін. Кітапхананы қосу (файл `*.jar`) өте жеңіл орындалады. Жобада `libs` бумасын құру жеткілікті (`src` және `res` бумаларымен бірдей деңгейде) және кітапхана файлы сол жерге көшіру жеткілікті. Содан кейін оны жобаға `Project -> Properties` мәзірі арқылы қосу керек. Егер кітапхана бастапқы код түрінде ұсынылса, оны алдын-ала жинау керек. Жобаның түпкі бумасын оң жақ батырмамен басу керек `-> экспорттау: -> Java -> іске қосылатын файл -> іске қосу үшін`

Қойылған мақсатқа сай «Ainalaın» мобильді қосымшасы құрылды. Бұл зерттеу жұмыста Word2Vec әдісі негізінде сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған қазақ тілінің синонимдерінің сөздігі жасалды. Құрастырылған сөздікте 3000 сөз арнайы сөздер топтар бойынша топтастырылған. Бұл баланың тақырып бойынша сөздерді есте сақтауына жағдай жасайды. Әртүрлі дереккөздерден қазақша мәтіндер корпусын жинақталды, мәтінді алдын ала өңделді және сөздерді құру үшін Word2Vec әдісін оқытады. Модельдің өнімділігін әртүрлі сөз жұптары арасындағы косинус ұқсастығын өлшеу және модель қайтарған ең жоғары ұқсас сөздерді қолмен таңдалған синонимдер тізімімен салыстыру арқылы бағаланды.

АЛҒЫС

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің IRN AP 19577833 жобасының грантымен орындалды және қаржыландырылды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

[1] Баранов А.А., Маслова О.И., Намазова-Баранова Л.С. // Онтогенез нейрокогнитивного развития детей и подростков // Вестник РАН. 2012, №(8), с.26–33.

[2] В Казахстане детей с речевыми проблемами становится все больше [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://astanatv.kz/ru/news/51629/>

[3] Дербисалова Г. С. Мультимедийные презентации как средство активизации познавательной деятельности младших школьников с нарушением интеллекта //Наука и перспективы. – 2019. – №. 3. – С. 52-58.

[4] Васильева В. С. Основные положения теории релевиной в современных научных исследованиях // Студенческий электронный журнал СтПИЖ. – 2021. – №. 2-2. – С. 88-90.

[5] Kumar R., Malik S., Gupta, S. (2019). Development of Hindi thesaurus using Word2Vec. Proceedings of the 3rd International Conference on Information Management and Machine Intelligence, 308-317. https://doi.org/10.1007/978-981-13-1801-4_28

[6] Mavridis T., Giannakidou D., Koutsombogera M. (2020). A Greek thesaurus using Word2Vec: A tool for language therapy. International Journal of Computational Linguistics and Applications, 11(2), 21-31. <https://doi.org/10.1515/ijcla-2020-0002>

[7] Serikbolova A., Shukeyeva M. (2019). Development of a dictionary of synonyms of the Kazakh language based on the Word2Vec method. Proceedings of the 2019 IEEE 9th International Conference on Consumer Electronics - Berlin (ICCE-Berlin), 1-5. <https://doi.org/10.1109/ICCE-Berlin.2019.8868532>

[8] Serikbolova A., Shukeyeva M. (2020). Development of a dictionary of synonyms of the Kazakh language for preschool children. Journal of Physics: Conference Series, 1605, 022031. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1605/2/022031>

[9] Serikbolova A., Shukeyeva M. (2021). Development of a dictionary of synonyms of the Kazakh language for preschool children with weak speech skills based on the Word2Vec method. Eurasian Journal of Educational Research, 21(91), 59-76. <https://doi.org/10.14689/ejer.2021.91.4>

[10] https://docs.google.com/spreadsheets/d/1PRw3i84thg8nDA9-NJ7u7bmSIUCkNLct/edit?usp=share_link&oid=114468051330637207467&rtpof=true&sd=true

[11] Что такое Android? Вот все, что вам нужно знать [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <https://www.androidauthority.com/what-is-android-328076/>

[12] Владимир Р. Облачная СУБД Firebase. – Кишинев: Tehnica UTM. – 2019. – С. 299.

[13] Zhang Q., Liu K. (2019). Research on English Synonym Dictionary Based on Word2Vec. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, 326, 305-308. doi: 10.2991/icaahss-19.2019.68

[14] Wu Y., Chen Q., Li W. (2018). Research on Construction of Chinese Synonym Dictionary Based on Word2Vec. Journal of Physics: Conference Series, 1057, 042009. doi: 10.1088/1742-6596/1057/4/042009

[15] Zhang Y., Cui Y., Liu X., Zhang J., Sun X. (2021). Synonym Discovery from Online Medical Corpora Using Word2Vec and Bert. Applied Sciences, 11(6), 2816. doi: 10.3390/app11062816

[16] Dehkharghani R. T., Vahdatnia M., Heydari P. (2020). Improving the Quality of a Persian Text Summarizer Using Word2Vec and POS Tagging. Journal of King Saud University-Computer and Information Sciences. doi:10.1016/j.jksuci.2020.05.003

[17] Tomas Mikolov, Kai Chen, Greg Corrado, Jeffrey Dean *Efficient Estimation of Word Representations in Vector Space*. <https://arxiv.org/pdf/1301.3781.pdf>

[18] Ganesa K. (2020, July 30). *Word2Vec: A comparison between CBOW, skipgram, skipgrams*. <https://kavita-ganesan.com/comparison-between-cbow-skipgram-subword/#.ZBHnBOxBwl8>

[19] *Архитектура Android-приложений. Часть III – основные части приложения [Электронды ресурс]*. <https://habr.com/ru/post/141201/>

[20] *Принципы переноса ранее разработанных приложений на смартфон [Электронды ресурс]*. Қол жеткізу режимі: https://intuit.ru/studies-/professional_skill_improvements /12785/ courses/1219/lecture/22490

References

[1] Baranov A.A., Maslova O.I., Namazova-Baranova L.S. (2012) *Ontogenez neyrokognitivnogo razvitiya detey i podrostkov [Ontogenesis of neurocognitive development of children and adolescents]*. *Vestnik Rossijskoj akademii medicinskih nauk*. №8, 26-33. (In Russian)

[2] *V Kazakhstane detey s rechevymi problemami stanovitsya vse bol'she [In Kazakhstan, there are more and more children with speech problems] [Elektrondy resource]*. About the emergency mode: <https://astanatv.kz/ru/news/51629/>. (In Russian)

[3] Derbisalova G. S. (2019) *Mul'timediynye prezentatsii kak sredstvo aktivizatsii poznavatel'noy deyatel'nosti mladshikh shkol'nikov s narusheniyem intellekta [Multimedia presentations as a means of enhancing the cognitive activity of primary schoolchildren with intellectual disabilities]*. *Nauka i perspektivy*. №3.52-58. (In Russian)

[4] Vasilyeva V. S. (2021) *Osnovnyye polozheniya teorii relevinoy tekhnologii v sovremennykh nauchnykh issledovaniyakh [Basic provisions of the Relevina theory in modern scientific research]*. *Studencheskiy elektronnyy zhurnal StrIZH*. № 2-2.88-90. (In Russian)

[5] Kumar R., Malik S., Gupta S. (2019). *Development of Hindi thesaurus using Word2Vec*. *Proceedings of the 3rd International Conference on Information Management and Machine Intelligence*, 308-317. doi: 10.1007/978-981-13-1801-4_28

[6] Mavridis, T., Giannakidou, D., & Koutsombogera, M. (2020). *A Greek thesaurus using Word2Vec: A tool for language therapy*. *International Journal of Computational Linguistics and Applications*, 11(2), 21-31. doi: 10.1515/ijcla-2020-0002

[7] Serikbolova, A., & Shukeyeva, M. (2019). *Development of a dictionary of synonyms of the Kazakh language based on the Word2Vec method*. *Proceedings of the 2019 IEEE 9th International Conference on Consumer Electronics - Berlin (ICCE-Berlin)*, 1-5. doi: 10.1109/ICCE-Berlin.2019.8868532

[8] Serikbolova A., Shukeyeva M. (2020). *Development of a dictionary of synonyms of the Kazakh language for preschool children*. *Journal of Physics: Conference Series*, 1605, 022031. doi: 10.1088/1742-6596/1605/2/022031

[9] Serikbolova, A., Shukeyeva M. (2021). *Development of a dictionary of synonyms of the Kazakh language for preschool children with weak speech skills based on the Word2Vec method*. *Eurasian Journal of Educational Research*, 21(91), 59-76. doi: 10.14689/ejer.2021.91.4

[10] https://docs.google.com/spreadsheets/d/1PRw3i84thg8nDA9NJ7u7bmSIUCkNLct/edit?usp=share_link&ouid=114468051330637207467&rtopf=true&sd=true

[11] *Что такое Android? Вот все, что вам нужно знать [What is Android? Here's everything you need to know] [Electronds resource]*. How to choose the mode: <https://www.androidauthority.com/what-is-android-328076/>. (In Russian)

[12] Vladimir R. (2019) *Oblachnaya SUBD [Cloud DBMS Firebase]*. Chisinau: Tehnica UTM. 299. (In Russian)

[13] Zhang Q., Liu K. (2019). *Research on English Synonym Dictionary Based on Word2Vec*. *Advances in Social Science, Education and Humanities Research*, 326, 305-308. doi: 10.2991/icaahss-19.2019.68

[14] Wu Y., Chen Q., Li W. (2018). *Research on Construction of Chinese Synonym Dictionary Based on Word2Vec*. *Journal of Physics: Conference Series*, 1057, 042009. doi: 10.1088/1742-6596/1057/4/042009

[15] Zhang Y., Cui Y., Liu X., Zhang J., Sun X. (2021). *Synonym Discovery from Online Medical Corpora Using Word2Vec and Bert*. *Applied Sciences*, 11(6), 2816. DOI: 10.3390/app11062816

[16] Dehkharghani R. T., Vahdatnia M., Heydari P. (2020). *Improving the Quality of a Persian Text Summarizer Using Word2Vec and POS Tagging*. *Journal of King Saud University-Computer and Information Sciences*. DOI: 10.1016/j.jksuci.2020.05.003

[17] Tomas Mikolov, Kai Chen, Greg Corrado, Jeffrey Dean *Efficient Estimation of Word Representations in Vector Space*. <https://arxiv.org/pdf/1301.3781.pdf>

[18] Ganesan, K. (2020, July 30). *Word2Vec: A comparison between CBOW, skipgram, skipgrams*. <https://kavita-ganesan.com/comparison-between-cbow-skipgram-subword/#.ZBHnBOxBwI8>

[19] *Arkhitektura Android-prilozheniy. Chast' III – osnovnaya chast' prilozheniya* [Architecture of Android applications. Part III – main parts of the application] [Electronds resource]. About the emergency mode: <https://habr.com/ru/post/141201/> .(In Russian)

[20] *Printsipy perenosa raneye razrabotannykh prilozheniy na smartfon*. [Principles of transferring previously developed applications to a smartphone] [Elektrondy resource]. About the detailed regime: https://intuit.ru/studies-/professional_skill_improvements /12785/courses/1219/lecture/22490 .(In Russian)

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
METHODS OF TEACHING COMPUTER SCIENCE. INFORMATIZATION OF EDUCATION

ГТАХР 14.35.01

10.51889/2959-5894.2024.86.2.023

Ж.Б. Бақытбекова^{1*}, Г.Б. Камалова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
^{*}e-mail: zhans_2807@mail.ru

ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ОҚЫТУ БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Зерттеу болашақ информатика пәні мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологияларын оқытудың әсерін талдауға бағытталған. Зерттеуде Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламаларына негізделген білім беру үдерісінің цифрлық трансформациясы барысында болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне инновациялық дидактикалық тәсілдер мен цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығы аталып өтілген. Зерттеу барысында 115 респондент қатысқан сауалнама деректерін саралай келе және болашақ мамандар тәжірибелі информатика пәні мұғалімдерінің өз білімдерін білім беру ақпаратын визуализациялау технологияларының әртүрлі аспектілері бойынша бағалауын салыстыра отырып, олардың цифрлық құзыреттілігіндегі айырмашылықтарды анықтайды және оқу үдерісіндегі мүмкіндіктері мен технологияларды тиімді пайдалануында олардың әлеуетін толық ашу үшін бұндай технологияларды пайдалану бойынша тәжірибе алмасу қажеттілігіне баса назар аудару керектігін ескертеді.

Түйін сөздер: цифрлық құзыреттілік, болашақ информатика пәні мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігі, оқу ақпаратын визуализациялау, визуализация технологияларын оқыту, білім берудегі АКТ, интерактивті оқыту, білім берудегі геймификация, педагогикалық инновация, цифрлық экономикаға бейімдеу.

Ж.Б. Бақытбекова¹, Г.Б. Камалова¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан
ОБУЧЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЯМ ВИЗУАЛИЗАЦИИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

Аннотация

Исследование посвящено анализу влияния обучения современным технологиям визуализации учебной информации на развитие цифровой компетентности будущих учителей информатики. В контексте цифровой трансформации образовательного процесса, акцентированного в стратегических программах Республики Казахстан, исследование подчеркивает значимость интеграции инновационных дидактических подходов и цифровых технологий в систему подготовки будущих учителей. Анализируя данные анкетирования 115 респондентов и сравнивая самооценку знаний будущих и практикующих учителей информатики по различным аспектам технологий визуализации учебной информации, исследование выявляет различия в их цифровой компетентности и подчеркивает необходимость практического взаимодействия с подобными технологиями для полного раскрытия их потенциала, понимания их возможностей и эффективного использования в учебном процессе.

Ключевые слова: цифровая компетентность, цифровая компетентность будущих учителей информатики, визуализация учебной информации, обучение технологиям визуализации, ИКТ в образовании, интерактивное обучение, геймификация в образовании, педагогическая инновация, адаптация к цифровой экономике.

Zh.B. Bakytbekova¹, G.B. Kamalova¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

TEACHING VISUALIZATION TECHNOLOGIES AS A FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF DIGITAL COMPETENCE OF FUTURE COMPUTER SCIENCE TEACHERS

Abstract

The research is devoted to the analysis of the impact of teaching modern technologies of visualization of educational information on the development of digital competence of future computer science teachers. In the context of the digital transformation of the educational process, emphasized in the strategic programs of the Republic of Kazakhstan, the study emphasizes the importance of integrating innovative didactic approaches and digital technologies into the system of training future teachers. Analyzing the survey data of 115 respondents and comparing the self-assessment of knowledge of future and practicing computer science teachers on various aspects of educational information visualization technologies, the study reveals differences in their digital competence and emphasizes the need for practical interaction with such technologies to fully unlock their potential, understand their capabilities and effectively use them in the educational process.

Keywords: Digital competence, digital competence of future computer science teachers, visualization of educational information, teaching visualization technologies, ICT in education, interactive learning, gamification in education, pedagogical innovation, adaptation to the digital economy.

Негізгі ережелер

Digital Competence of Educators (DigCompEdu) атты мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің Еуропалық үлгісіне сәйкес, маңызды құзыреттердің бірі – цифрлық білім беру ресурстары мен әртүрлі форматтағы цифрлық білім беру мазмұнын іріктеу және жасақтау салаларында. Білім беруді цифрландырудың заманауи жағдайында және цифрлық ұрпақты қызықтыратын білім беру мазмұнын ұсыну форматтарының ең тиімдісі – визуализация. Сондықтан заманауи цифрлық білім беру жүйесінде кәсіби-педагогикалық қызметтің табысты болуы үшін болашақ информатика пәні мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктерін деңгейге сәйкес дамыту маңызды. Бүгінгі таңда қызмет етіп жатырған және болашақ информатика пәні мұғалімдері (115 респондент) арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары саласында өз білімін бағалауы бойынша айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады. Информатика пәні бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдер осы пән бойынша болашақ мамандарға қарағанда визуализация технологияларының көпшілігін жоғары бағалайды. Бұл технологияларды қолданудың практикалық тәжірибесі олардың мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретінін көрсетуі мүмкін және болашақ мамандарды оқыту бағдарламаларына білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологияларын енгізуді, оларды оқытуда тәжірибеге бағытталған тәсілдерді қолдануды нақтылайды.

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, білім беруді цифрландыру және білім алушылардың цифрлық ұрпағы мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінің трансформациясын айқындайды, олардан заманауи цифрлық білім беру технологиялары саласында үздіксіз даярлығын және білім беру саласындағы қызметін табысты түрде жүзеге асыруы үшін, білім беру сапасын және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін цифрлық құзыреттілігін дамытуды талап етеді [1-7]. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі олардың АКТ құзыреттілігінің эволюциялық дамуының нәтижесі ретінде қарастырылады, ол мұғалімнің кәсіби стандартында қазіргі мұғалімнің ажырамас сипаттамасы ретінде белгіленген [8]. Оны дамыту мәселелері мемлекеттің де, ғылыми-

педагогикалық қауымдастықтың да, ұлттық білім беру жүйесінің дамуына жетекшілік ететін Еуропалық одақ институттарының да назарында [9-10]. 2017 жылдың соңында Еуропалық Одақтың Білім комитеті мұғалімдердің цифрлық құзыреттілік үлгісін (Digital Competence of Educators (DigCompEdu) әзірледі.

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің еуропалық үлгісі DigCompEdu алты бағыт бойынша 22 құзыретті қамтиды [10]:

- цифрлық технологиялар арқылы білім беру процесінің барлық субъектілерінің (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) кәсіби өзара әрекеттесуі;
- цифрлық ресурстар (түрлі форматтағы цифрлық білім беру ресурстары мен цифрлық білім беру мазмұнын таңдау, құру, өңдеу және жариялау);
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқыту және оқу;
- цифрлық технологиялар арқылы оқытуды бақылау (бағалау және талдау, кері байланыс);
- цифрлық білім беру технологияларын пайдалана отырып оқытуды саралау мен даралауды қамтамасыз ету;
- оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту.

Ұсынылған цифрлық құзыреттіліктер тізімі өте кең және цифрлық білім беру жүйесінде педагогикалық қызметтің барлық аспектілеріне әсер етеді. Осы құзыреттіліктерді меңгерген мұғалімдер заманауи мектептің цифрлық білім беру ортасында оқу-тәрбие процесін табысты жүзеге асыра алады деп болжануда [11-12].

Маңызды цифрлық құзыреттердің бірі – құрамына таңдау, құрастыру, модификация және цифрлық білім беру ресурстары мен әртүрлі форматтағы цифрлық білім беру мазмұнын жариялайтын «цифрлық ресурстар» саласындағы құзыреттіліктер болып табылады.

Цифрлық білім беру жүйесінің шарттары бойынша, заманауи білім беру үдерісінде орталық орынды білім беру ақпаратының визуализациясы мен дидактикалық көрнекіліктер принциптері, сонымен қатар білім беру мазмұнының интерактивтілігі алады. Көрнекілік пен визуализация оқу материалын қолжетімді және түсінікті етуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оның игерілуі мен есте сақталуын жақсартады. Оларды білім беру мазмұнында пайдалану интерактивтілікпен қатар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оқу үдерісіне белсенді қатысуға ынталандырады, бұл білім беру ортасын цифрландыру және оқытудың инновациялық үлгілерін енгізу жағдайында ерекше маңызды. Бұл үрдісте цифрлық білім беру бойынша заманауи білім беруде пайдаланылатын цифрлық ресурстарды әзірлеу барысында назар аудару қажет негізгі аспект – білім беру ақпаратын визуализациялау болып табылады. Бүгінгі күні осы мақсаттарға арналған көптеген құралдар мен онлайн қызметтер бар.

Заманауи визуализация технологиялары күрделі деректер мен түсініктерді көрнекі кескіндерге, диаграммаларға, анимацияларға және интерактивті үлгілерге түрлендіруге мүмкіндік береді. Оларды меңгеру, цифрлық білім беру мазмұнын әзірлеу үшін пайдалану мұғалімнің цифрлық құзыреттілігінің негізгі элементтері болып табылады. Бұл зерттеудің мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін тиімді дамыту үшін білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологияларын тәжірибеге бағыттап оқыту қажеттілігін негіздеу. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: болашақ және тәжірибелі информатика мұғалімдеріне сауалнама жүргізу және олардың өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдау негізінде білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологияларын білу деңгейін анықтау, осындай технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы білімдерін талдау, сонымен қатар білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары негізінде цифрлық білім беру мазмұнын әзірлеу барысында мұғалімдерде кездесетін қиындықтарды анықтау. Бұл білім берудің ақпараттық визуализациялық технологияларын оқытудың оқу үдерісіне және педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейін арттыруға әсері туралы жан-жақты түсінік алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: теориялық, эксперименттік және аналитикалық. Олардың әрқайсысы үшін зерттеу әдістерін таңдау зерттеудің мақсаттары мен міндеттері негізінде анықталды. Бірінші кезеңде қарастырылатын тақырып бойынша әдебиеттерді зерделеу және талдау мұғалімнің цифрлық құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін және білім беру ақпаратын визуализациялау технологияларын оқыту кезінде олардың даму мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің екінші кезеңінде студенттер мен тәжірибиелі информатика пән мұғалімдеріне жүргізілген сауалнама олардың заманауи визуализация технологияларын білу деңгейін, мұндай технологиялардың мүмкіндіктерін түсінуін және көрнекі білім беру мазмұнын әзірлеуде оларды пайдалану дағдыларын және осы сала бойынша олардың қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнамаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Информатика» және «Информатика-робототехника» мамандықтарының 1-4 курс студенттері мен Алматы қаласының бірқатар мектептерінің мұғалімдері қатысты. Қорытынды кезеңде зерттеу нәтижелерін талдау статистикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілді, бұл информатика мұғалімдерін оқу ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары саласында даярлауды жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Әдеби шолу

Заманымыздың ақпаратқа толы болуы – оқу материалын студенттерге ұсынбас бұрын, мұқият дайындауды талап етеді. Бұл тапсырмаларды ойдағыдай орындау үшін мұғалімде ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және сауатты ұсыну дағдылары болуы керек. Білім беру үдерісіне инновацияларды енгізуге қабілетті мұғалімдердің басты қасиеттерінің бірі – оқу ақпаратын визуализациялай білу. Оқу материалының визуализациясы дидактикалық құралдарды жетілдірудің маңызды саласы ретінде танылады. Мультимедиялық визуализацияның дидактикалық маңызы – оқытуда көрнекілік принципін жүзеге асыруда. Қазіргі уақытта білім беру ақпаратын визуализациялау міндеті сапалы, жаңа деңгейде шешілуі керек. Оқу материалын көркемдеп қана қоймай, оқушылардың ақыл-ойы мен танымдық белсенділігін арттыратын осындай дидактикалық көрнекі құралдарды пайдалану қажет.

Психологтардың зерттеулері бойынша қазіргі мектеп оқушыларының 85%-ы ақпараттың негізгі бөлігін көру арқылы қабылдайтын визуал оқушылар. Мектеп оқушыларының 9%-ы ақпаратты ең алдымен есту арқылы қабылдайтын аудиалдар. 5% - кинестетиктер, олар ақпаратты иіс, жанасу және қозғалыс сияқты сезімдер арқылы қабылдайды. Оқушылардың тек 1%-ы сандарға, белгілерге және логикалық дәлелдерге сүйене отырып, ақпаратты логикалық түсіну арқылы қабылдайтын дискретті оқушылар болып табылады. Бұл оқушылардың негізгі бөлігі оқу материалдарын көрнекі-бейнелі ойлаудың арқасында қабылдайтынын көрсетеді [13].

Дегенмен, барлық мұғалімдер визуализацияны қалай тиімді пайдалану керектігін біле бермейді. Теориялық немесе практикалық материалды визуализациялау әрекеттерінің көпшілігі мұғалімнің кәсіби сауатсыздығынан және адамның ақпаратты қабылдау заңдылықтарын дұрыс түсінбеуінен зардап шегеді. Мұғалімдерде ақпаратты визуализациялаудың сапасы және бұл үдерістегі дизайнның рөлі туралы жалпы түсінік жоқ. Нәтижесінде, оқу материалы қажетсіз ақпаратқа толы болады, бұрмаланады және түсінуге қиын. Мысалы, әртүрлі қажет емес кесіндер пайдаланылады немесе керісінше, тек бірыңғай мәтін. Педагогтар мен психологтар жүргізген зерттеулер бойынша, оқу материалын құрылымдық түрде ұсынғанда оқушылар жаңа ақпаратты жақсы меңгеретіні анықталған. Бұл білім алушыларға жаңа ұғымдар мен іс-әрекет әдістерінің жүйелерін оңай меңгеруге көмектеседі. Әртүрлі пәндік салалардағы білімнің табиғатындағы, ерекшеліктері мен қасиеттеріндегі елеулі айырмашылықтарды ескеретін көрнекі құрылымдаудың көптеген әдістері бар. Нейропсихологияның жетістіктеріне сәйкес, мидың әлеуеті интеллектуалдық қиындықтарды жеңу және заңдылықтарды орнату арқылы мағынаны табу негізінде жұмыс жасағанда оқыту тиімдірек болады екен [14].

Жалпы мағынада визуализация – ақпаратты бейнелер (фотосуреттер, диаграммалар, формулалар және т.б.) түрінде көрсету. Суреттерді визуализацияның қарапайым мысалдарының бірі деп санауға болады. Қазіргі қоғамда ақпараттық визуализация барған сайын маңызды рөл атқарады және көбінесе кәсіби саламен байланысты. Оның тиімділігі әсіресе метеорология, бизнес, маркетинг, білім беру, ғылыми зерттеулер және басқа да көптеген кәсіби салаларда айқын көрінеді. Олар 3D модельдерін, виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR) технологияларын және т.б. кеңінен пайдаланады. Осы зерттеу аясындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау [15-16] ақпараттық визуализация – күрделі деректерді оңай қабылдауға мүмкіндік беретін, көрнекі формаға түрлендіру және құрылымдау процесі екенін анықтауға мүмкіндік берді. Яғни, әдеби талдау негізінде визуализациялау принциптері дәстүрлі «көрінекілік» ұғымына негізделгені анықталды.

Оқу материалын визуализациялаудың әртүрлі заманауи технологияларын қарастырайық.

1. Инфографика: күрделі ақпаратты көрнекі және жеңілдетілген түрде ұсыну үшін мәтін мен кескіндерді біріктіріп пайдалану.

2. Уақыт шкаласы (ағылшынша Timeline тілінен) – хронологиялық тізбекті көрсететін уақыт кезеңі. Бұл әдіс тарихи процестер, өмірбаян секілді ақпараттарды беруде және дизайн кезеңдерін бейнелеуде қолданылады. Осының арқасында оқушыда бұл процеске жүйелі көзқарас қалыптасады.

3. Менталды карталар: ұғымдар мен идеялар арасындағы байланыстарды көрсететін диаграмма түріндегі ақпараттың визуалды көрінісі.

4. Жазу: презентация немесе дәріс кезінде жылдам сызбалар мен жазбалар жасау әдісі.

5. 3D модельдеу: объектілердің үш өлшемді модельдерін құру әдісі, олардың құрылымы мен функцияларын визуализациялауға мүмкіндік береді.

6. Лайворк: суреттерді, белгілерді және көрсеткілерді пайдаланып көрнекі жазбалар жасау тәсілі.

7. Мультимедиялық презентациялар: материалды интерактивті және қызықты ету үшін слайдтар, анимациялар, бейнелер мен дыбыстарды қолданатын презентациялар.

8. Интерактивті плакат жаттығулары: оқушылардың оқу ақпаратымен әрекеттесуіне мүмкіндік беретін жаттығулар.

9. Бейне сабақтар мен анимациялар: сөзбен түсіндіру қиын процестер мен құбылыстарды көрсету үшін бейнелер мен анимацияларды пайдалану.

10. Виртуалды және толықтырылған шындық: иммерсивті тәжірибе жасауға және күрделі ұғымдар мен құбылыстарды көрнекі түрде көрсетуге арналған VR және AR технологиялары.

Оқу процесінде ақпараттық визуализацияны қолданудың артықшылықтары төмендегідей:

- үлкен көлемдегі ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік береді;

- кестелер, диаграммалар және түрлі схемалар ақпаратты талдауға және ұйымдастыруға

ықпал етеді;

- ескі және жаңа мәліметтерді біріктіреді, оларды жүйелейді;

- оқушылардың ой-өрісін, қиялын дамытады;

- оқу материалдарына эстетикалық тартымдылық береді;

- оқу материалын қарапайым және қолжетімді формада көрсетуді қамтамасыз етеді.

Заманауи білім беру жүйесі мұғалімдерден оқу материалын визуализациялауға назар аудара отырып, білім беруде жаңа тәсілдерді қолдануды талап етеді. Мұғалімдер қазіргі таңда ақпараттың көптігін және оқушылардың басым көпшілігі визуалдар екенін ескере отырып, оқушылардың оқу материалын меңгеруін арттыру үшін көрнекі құралдарды тиімді пайдалана білуі маңызды [13]. Көрнекі құралдар материалды көркемдеп қана қоймай, сонымен қатар ойлауды ынталандырып, құрылымдық қабылдауға ықпал етіп, білімдегі олқылықтарды анықтауға көмектесуі маңызды. Нәтижесінде визуализацияны тиімді түрде пайдалану – қазіргі білім беру үрдісін тиімдірек және қызықты ететін негізгі аспектіге айналуға. Мұғалім үшін визуализацияның негізгі құралы – оқушылардың оқу материалдарын меңгеру деңгейін және қызығушылығын арттыратын жаңа технологиялар мен интерактивті оқу материалдарын

дайындайтын бағдарламаларды пайдалануды қамтитын «цифрлық құзыреттілік». Дегенмен, көптеген мұғалімдер ақпаратты қабылдау принциптерін түсіну мен қажетті дағдылардың болмауынан визуализацияны жүзеге асыруда қиындықтарға тап болады. Бұл олардың «цифрлық ресурстар» саласындағы цифрлық құзыреттілігін дамытудың жеткіліксіз деңгейін және оларды заманауи цифрлық білім беру технологияларына, оның ішінде білім беру ақпаратын визуализациялау технологияларына оқыту қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі әлемде визуализация технологиялары ақпаратты ұсынуда, күрделі деректер мен түсініктерді түсінуді жеңілдетуде басты рөл атқарады. Бұл технологиялар инфографика, менталды карта, 3D модельдеу, мультимедиялық презентациялар, виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR) сияқты құралдар мен әдістердің кең ауқымын қамтиды [16-17]. Ақпараттың үнемі көбейіп отыруы және оны әртүрлі мақсатты аудиторияларға бейімдеу қажеттілігі ақпараттық визуализация технологиялары саласындағы білім мен дағдылар ерекше маңызды екенін көрсетеді. Осы зерттеу аясында 115 респонденттің (болашақ және тәжірибелі информатика мұғалімдері) арасында Likert шкаласы (жалпы рейтинг әдісі) арқылы тәжірибеде заманауи визуализация технологияларын пайдалануға дайындығы мен дағдыларын анықтау мақсатында білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологияларын меңгеру бойынша өзін-өзі дамыту аясында сауалнама жүргізілді [18]. Сауалнама цифрлық құзыреттілік деңгейі туралы объективті ақпарат алуға және белгілі бір технологиялық тұжырымдамалар мен визуализация әдістерін білуге бағытталған ашық сұрақтардан тұратын мәліметтерді жинаудың жүйелі әдісі болды. Жабық сұрақтар білім деңгейін он балдық шкала бойынша бағалауды қамтыды, мұнда 1 – ең төменгі білімді, 10 – максималды білімді білдіреді. Зерттеуге 115 респондент қатысты, оның ішінде 74 (64,3%) әйел және 41 (35,7%) ер адам. Қатысушылардың жасы 17 мен 57 жас аралығында, медианасы 20 жас, бұл жас аудиторияны көрсетеді. Орташа жас шамамен 24,7 жасты құрайды, стандартты ауытқу 10,33 жасты құрайды, бұл қатысушылардың басым бөлігі жастар екенін көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі 29 жасқа толмағандар. 1-кестеде студенттер мен информатика пәні мұғалімдері арасындағы оқу ақпаратын визуализациялау технологиялары, олардың дидактикалық әлеуеті мен өз тәжірибесінде пайдалануға дайындығы туралы білімнің орташа бағасының салыстырылуы келтірілген.

Кесте 1. Білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары туралы хабардар болу деңгейін және оларды оқытуда пайдалануға дайындығын талдау

Визуализациялау технологиялары	Орташа рейтингі	
	Болашақ информатика пәні мұғалімдерінің	Тәжірибелі информатика пәні мұғалімдерінің
Мультимедиялық презентациялар	6.02	8.68
Видео және анимациялар	5.11	7.29
Инфографика	6.23	6.82
Ментальды карталар (Mind maps)	5.34	6.21
Таймлайн (от англ. Timeline)	4.59	4.46
Лайнворк	4.25	4.43
Скрайбинг	4.93	4.79
Интерактивті плакат	5.07	5.36
Интерактивті жаттығулар	4.76	7.32
3D-модельдеу	5.03	4.46
Виртуалды шындық (VR)	5.55	6.07
Толықтырылған шындық (AR)	5.34	6.21

Орташа бағаларды салыстырмалы талдау оқушылар (N=87) мен мұғалімдер (N=28) арасында білім бойынша өзін-өзі бағалауда айтарлықтай айырмашылық бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Информатика мұғалімдері жүйелі түрде өз білімдерін оқушылардан жоғары бағалайды. Олар кескіндеу технологиясының барлық аспектілері бойынша ең жоғары орташа ұпайларды көрсетеді (2-сурет). Әсіресе, мультимедиялық презентациялар санаттары бойынша орташа балл 8,68 және бейне және анимация технологиялары бойынша 7,29 балл алған жоғары ұпайларды атап өтуге болады. Сәйкесінше, салыстырмалы түрде инфографика және менталды картасы да 6,23 және 6,82 көрсеткішімен жоғары балл алды. Уақыт шкаласы мен желілік жұмысқа қатысты бөлімдерде минималды айырмашылық байқалады, бұл респонденттердің екі тобының да осы аспектілерді түсіну деңгейінің ұқсастығын көрсетуі мүмкін (1-2-сурет).



Сурет 1. Болашақ информатика мұғалімдерінің оқу ақпаратын визуализациялау технологиялары туралы білімнің орташа бағасы


Тәжірибелі информатика пәні мұғалімдерінен кейінгі екінші ең жоғары орташа көрсеткіштерді көрсеткен төртінші курс студенттері виртуалды шындық (VR) санаттары бойынша– 6,17 және толықтырылған шындық (AR) – 6,08 секілді жоғары ұпайларға ие. Бірінші, екінші және үшінші курстар төртінші курс студенттері мен информатика мұғалімдерімен салыстырғанда төмен орташа көрсеткіштерді көрсетті, бірақ визуализация технологияларының әртүрлі аспектілері бойынша айтарлықтай білім көрсетуде.

Тәжірибелі мұғалімдердің барлығы бірауыздан білім беру ақпаратын заманауи визуализация технологиялары негізінде визуализациялау оқытуды оқушылар үшін тиімдірек, тартымды және қызықты етеді деген пікірде. Ал, технологияның қарқынды дамуына байланысты мұндай визуализация технологияларды оқыту іс-әрекетінде тиімді пайдалану үшін осы салада қосымша оқыту мен әдістемелік қолдаудың өзектілігін атап өтеді.

Екінші гистограмманың сұрыптамасы бойынша, «Болашақ информатика пәні мұғалімдерінің орташа рейтингі» мен «Тәжірибелі информатика мұғалімдерінің орташа рейтингін» салыстыра отырып, цифрлық визуализация технологиялары бойынша екі топ арасындағы бірнеше тенденциялар мен сәйкессіздіктер көрініс тапқанын байқаймыз.

Гистограммада көрініп тұрғандай, жалпы тәжірибелі информатика мұғалімдері визуализация технологияларының көпшілігін даярлық мұғалімдеріне қарағанда жоғары бағалайды. Бұл – технологияны практикалық тәжірибеде қолдану, оның мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Тәжірибесі бар информатика мұғалімдерінің орташа бағасы



Сурет 2. Тәжірибесі бар информатика мұғалімдерінің оқу ақпаратын визуализациялау технологиялары туралы білімнің орташа бағасы

Әсіресе «Интерактивті жаттығулар» технологиясын бағалауда айырмашылық байқалады, мұнда тәжірибелі мұғалімдер болашақ мұғалімдерге қарағанда айтарлықтай жоғары баға береді. Бұл тәжірибелі мұғалімдердің осы технологияны оқыту тәжірибесінде қолдануда оң нәтижелерге қол жеткізгенін көрсетуі мүмкін. Скрайбинг және интерактивті плакат сияқты технологиялар екі топ арасындағы ұпайлар бойынша ең аз айырмашылықты көрсетеді, бұл олардың аталған технологиялардың мүмкіндіктері туралы хабардар болуын және оларды іс жүзінде қолдануға дайындығын анықтайды.

Дискуссия

Жалпы тенденция тәжірибелі мұғалімдердің оқыту тәжірибесі әртүрлі білім берудегі визуализация технологияларын қабылдауға және бағалауға оң әсер ететінін көрсетеді. Тәжірибелі мұғалімдер технологияны жоғарырақ бағалауға бейім, бұл олардың оқыту үрдісіне технологияны сәтті кіріктіруіне және оны пайдаланудың оң тәжірибесіне байланысты болуы мүмкін. Болашақ информатика пәні мұғалімдеріне білім беру барысында олардың әлеуетін толық көру үшін осы технологиялармен көбірек жұмыс жасауы қажет болуы мүмкін. Кейбір технологиялар бойынша бағалаудың ұқсастығы олардың тәжірибе деңгейіне қарамастан қазіргі білім берудегі маңыздылығын ортақ түсінуді көрсетеді. Болашақ педагогтар аталған технологиялардың құндылығын толық сезінуі және оларды келешек педагогикалық іс-әрекетіне тиімді енгізуі үшін аталған технологиялар бойынша тәжірибе жинақтау өте маңызды. Сауалнама нәтижелері білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары саласындағы оқытудың ағымдағы деңгейін талдауға және осы салада жетілдіру немесе қосымша оқытудың әлеуетті бағыттарын анықтау үшін пайдалануға бағытталған.

Қорытынды

Бұл зерттеу білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары мәселелерін болашақ информатика мұғалімдеріне арналған оқыту бағдарламаларына біріктіру қажеттілігін ғана емес, сонымен қатар болашақ информатика мұғалімдерін білім беру ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары бойынша тәжірибеге бағытталған

оқытудың маңыздылығын, теориялық білімнің де, оларды нақты жағдайда пайдаланудағы практикалық дағдылардың да болашақ информатика мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуға тікелей әсер ететінін көрсетеді. Осыған байланысты оқу ақпаратын визуализациялаудың заманауи технологиялары болашақ информатика мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында басым орындардың бірін алуы керек. Оларды оқыту мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін дамыту факторларының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, білім беруді цифрландырудың заманауи қарқынды дамуы барысында білім беруді тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығын, сондай-ақ цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын ескере отырып, бұл сала төңірегінде педагогтардың үздіксіз білім алу және біліктілігін арттыру жүйесін құру орынды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

[1] Игнатъев В.П., Иванова А.С., Иванова М.Д. (2020) ИКТ- компетентность педагога как основа цифровой грамотности обучающихся // *Современные проблемы науки и образования*. 2020. №2. -С.56. <http://doi.org/10.17513/spno.29709>.

[2] Usart Rodríguez M., Lázaro Cantabrana J.L., Gisbert Cervera M. Validation of a tool for self-evaluating teacher digital competence. *Education XXI*.2021. -24(1). -С.353-373. <http://doi.org/10.5944/educXXI.27080>.

[3] İlknur Reisoğlu, Ayça Çebi How can the digital competences of pre-service teachers be developed? Examining a case study through the lens of DigComp and DigCompEdu. *Computers & Education*, Volume 156, 2020, 103940, <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2020.103940>.

[4] Yu Zhao, Ana María Pinto Llorente, María Cruz Sánchez Gómez Digital competence in higher education research: A systematic literature review. *Computers & Education*, Volume 168, 2021, 104212. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104212>.

[5] Maria Svensson, Roberto Baelo Teacher Students' Perceptions of their Digital Competence. *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, Volume 180, 2015. – Pages 1527-1534. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.02.302>.

[6] Шекербекова Ш.Т., Бақытбекоева Ж.Б. Цифрлық құзыреттілік информатика мұғалімінің кәсіби дағдыларының бірі ретінде. // *Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Физико-математические науки»*. – 2023. – №4(84). – С. 321–331. <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.84.4.032>

[7] Бороненко Т.А., Кайсина А.В., Пальчикова И.Н., Федоркевич Е.В., Федотова В.С. Теоретические основы построения концептуальной модели понятия «цифровая грамотность»: монография. – СПб.: ЛГУ им. А.С. Пушкина. 2021. С. 230

[8] Профессиональный стандарт "Педагог". Утвержден приказом и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года, № 500 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>

[9] Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023-2029 годы, постановление Правительства РК от 28 марта 2023года, № 249. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> (дата обращения: 15. 02.2024)

[10] European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu. Европейский союз. – 2017. <https://skillsproof.kz/restful/v1/domain/registry/documents/539135/>

[11] Kullaslahti J., Ruhalahti S., Brauer S. Professional development of digital competences: standardised frameworks supporting evolving digital badging practices. *J. Sib. Fed. Univ. Humanit. soc. sci.* 2019.-12(2). - С.175-186.

[12] Васильева А.А. «Цифровые компетенции педагога в свете современной системы образования». 2019. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=42574694> (дата обращения: 19.04.2024).

[13] Буза А.Г. Психологические особенности восприятия учебной информации. VI Международная студенческая научная конференция «Студенческий научный форум-2014» <https://scienceforum.ru/2014/article/2014007295>

[14] Бабаева В.В. Реализация инновационных технологий в процессе подготовки будущих преподавателей профессионального образования. *Молодой ученый*. 2012. №8. С.306-308. <https://moluch.ru/archive/43/5169/>

[15] Шорина Т.В. Педагогическая технология визуализации учебной информации в высшей школе: дис. ... канд. пед. наук. Казань. 2017. С.181.

[16] Бидайбеков Е.Ы., Гриникун А.В., Шекербекова Ш.Т., Ревшенова М.И., Жабаяев Е.Х. Білім беруде толықтырылған виртуалдылық технологиясын іске асыру мүмкіндіктері// Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Физико-математические науки». 2022. Том 79 №3. С.271-277. <https://doi.org/10.51889/9461.2022.42.27.031>.

[17] Смолоник Г.Н., Сафонова Л.А. Современные технологии визуализации учебной информации. Материалы LX межвузовской научно-методической конференции «Качество высшего и среднего профессионального образования в условиях перехода на федеральные государственные образовательные стандарты нового поколения». 2019. С. 195-199

[18] Дубина И.Н. Математико-статистические методы в эмпирических социально-экономических исследованиях: учеб. пособие. - М.: Финансы и статистика; ИНФРА-М. 2010. С.416.

References

[1] Ignatev V.P., Ivanova A.S., Ivanova M.D. (2020) ИКТ- компетентност педагога как основа цифровой грамотности обучающихся [ICT competence of a teacher as the basis for digital literacy of students]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia*. №2,56. DOI: <http://doi.org/10.17513/spno.29709>. (In Russian)

[2] Usart Rodríguez M., Lázaro Cantabrana J.L., Gisbert Cervera M. (2021) Validation of a tool for self-evaluating teacher digital competence. *Education XXI*. Vol. 24, No 1. 353–373. DOI: <http://doi.org/10.5944/educXXI.27080>.

[3] İlknur Reisoğlu, Ayça Çebi (2020) How can the digital competences of pre-service teachers be developed? Examining a case study through the lens of DigComp and DigCompEdu. *Computers & Education*, Volume 156, 103940. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2020.103940>.

[4] Yu Zhao, Ana María Pinto Llorente, María Cruz Sánchez Gómez (2021) Digital competence in higher education research: A systematic literature review. *Computers & Education*, Volume 168, 104212. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104212>.

[5] Maria Svensson, Roberto Baelo (2015) Teacher Students' Perceptions of their Digital Competence. *Procedia Social and Behavioral Sciences*, Volume 180, 1527-1534. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.02.302>.

[6] Shekerbekova Sh.T., Bakytbekova Zh.B.(2023) Цифрлық қузыреттілік информатика мұғалімінің кәсіби дағдыларының бірі ретінде [Digital competence as one of the professional skills of computer science teacher]. *КазҰПУ хабаршысы, «Физика және математика» сериясы. №4(84), 321–331. (In Kazakh) DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.84.4.032>*.

[7] Boronenko T.A., Kaisina A.V., Palchikova I.N., Fedorkevich E.V., Fedotova V.S. (2021) Теоретические основы построения концептуальной модели понятия «цифровая грамотность» [Theoretical foundations for constructing a conceptual model of the concept of “digital literacy”]. монография. СПб.: ЛГҮ им. А.С. Пышкына, 230. (In Russian)

[8] Professionalnyi standart "Pedagog". Ыткерден приказом і.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года [Professional standard "Teacher". Approved by acting order Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated December 15, 2022]. № 500. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149> (In Russian)

[9] Kontseptsia razvitiia doshkolnogo, srednego, tehniçeskogo i professionalnogo obrazovaniia Respubliki Kazahstan na 2023-2029 gody [Concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029], postanovlenie Pravitelstva RK ot 28 marta 2023g. № 249 – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> (data obraeniia: 15. 02.2024) (In Russian)

[10] European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu.(2017) Evropeisku soıyız. <https://skillsproof.kz/restful/v1/domain/registry/documents/539135/>

[11] Kullaslahti J., Ruhalahti S., Brauer S. (2019) Professional development of digital competences: standardised frameworks supporting evolving digital badging practices. *J. Sib. Fed. Univ. Humanit. soc. sci.*12(2). 175-186.

[12] Vasileva A.A. (2019) «Tsifrovye kompetentsu pedagoga v svete sovremennoi sistemy obrazovaniia» [“Digital competencies of a teacher in the light of the modern education system”]. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=42574694> (data obraeniia:19.04.2024). (In Russian)

[13] Бýза.А.Г. (2014) *Psihofiziologicheskie osobennosti vospruiatua ýchebnoi informatsiu* [Psychophysiological features of perception of educational information]. VI Mejdýnarodnaia stýdencheskaia naýchnaia konferentsua «Stýdenchesku naýchnyi forým. 2014» <https://scienceforum.ru/2014/article/2014007295> (In Russian)

[14] Babaeva V.V. (2012) *Realizatsua innovatsionnyh tehnologu v protsesse podgotovki býdyih prepodavatelei professionalnogo obrazovanua* [Implementation of innovative technologies in the process of training future vocational education teachers.]. *Molodoi ýchenyi. №8.306-308.* <https://moluch.ru/archive/43/5169/> (In Russian)

[15] Shorina T.V. (2017) *Pedagogicheskua tehnologua vizýalizatsiu ýchebnoi informatsiu v vysshei shkole* [Pedagogical technology for visualizing educational information in higher education]. *dis. ... kand. ped. naýk. Kazan. 181.* (In Russian)

16. Bidajbekov E.Y., Grinshkun A.V., Shekerbekova Sh.T., Revshenova M.I., Zhabaev E.H. (2022) *Bilim berude tolyқтырылған virtualdyлық tekhnologiyasyn iske asyru mymkindikteri* [Possibilities of implementation of augmented virtuality technology in education.]. *KazҰПУ habarshysy, «Fizika zhane matematika» serijasy. №3(79), 271-277. DOI: <https://doi.org/10.51889/9461.2022.42.27.031>.* (In Kazakh)

[17] Smolovik G.N., Safonova L.A. (2019) *Sovremennye tehnologu vizýalizatsiu ýchebnoi informatsiu.* [Modern technologies for visualizing educational information]. *Materialy LX mejvýzovskoi naýchno-metodicheskoi konferentsu «Kachestvo vysshego i srednego professionalnogo obrazovanua v ýsloviuah perehoda na federalnye gosýdarstvennye obrazovatelnye standarty novogo pokolenua». 195-199.* (In Russian)

[18] Dubina I.N. (2010) *Matematiko-statisticheskie metody v empiricheskikh social'no-ekonomicheskikh issledovaniyah* [Mathematical and statistical methods in empirical socio-economic research]. *ucheb. posobie. – M.: Finansy i statistika; INFRA-M. 416.* (In Russian)

M.S. Bekbolat^{1*}, K.M. Berkimbayev¹, H.İ. Bülbül²

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

²Gazi University, Ankara, Turkey

*e-mail: marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz

SOFT SKILLS DEVELOPMENT IN INFORMATION TECHNOLOGY EDUCATION: A SYSTEMATIC LITERATURE REVIEW

Abstract

The integration of soft skills into information technology (IT) education has become increasingly important to bridge the gap between academic preparation and industry expectations. This systematic literature review examines the current landscape of soft skills development in IT education, focusing on key competencies such as communication, self-motivation, teamwork, result-oriented attitude, problem-solving, and interpersonal skills. A total of 37 relevant articles were identified through comprehensive searches of the Scopus and ACM databases, with 22 articles from Scopus and 15 from ACM meeting the inclusion criteria. The selected articles were analyzed to determine the extent to which they addressed the development of soft skills and their impact on employability among IT specialists. The findings indicate a strong emphasis on communication skills, self-motivation, teamwork, and problem-solving skills followed closely. Result-oriented attitude and interpersonal skills were also considered important. Overall, the results suggest a growing recognition of the importance of soft skills in IT education. However, there is a need for further research to establish clear frameworks and methodologies for integrating these skills into curricula effectively. This study contributes to the ongoing discourse on soft skills development in IT education and provides insights for educators, policymakers, and industry stakeholders seeking to enhance the employability of IT graduates.

Keywords: soft skills, information technology, employability, higher education, industry needs, skills gap.

М.С. Бекболат¹, К.М. Беркимбаев¹, Х.И. Булбул²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
г.Туркестан, Казахстан

²Университет Гази, г.Анкара, Турция

РАЗВИТИЕ МЯГКИХ НАВЫКОВ В ИНФОРМАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: СИСТЕМАТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация

Интеграция мягких навыков в образование в области информационных технологий (ИТ) становится все более важной для преодоления разрыва между академической подготовкой и ожиданиями отрасли. В этом систематическом обзоре литературы рассматривается текущая ситуация в области развития мягких навыков в ИТ-образовании, уделяя особое внимание таким ключевым компетенциям, как коммуникация, самомотивация, работа в команде, ориентированность на результат, решение проблем и навыки межличностного общения. В результате всестороннего поиска в базах данных Scopus и ACM было выявлено в общей сложности 37 соответствующих статей, при этом 22 статьи из Scopus и 15 статей из ACM соответствовали критериям включения. Отобранные статьи были проанализированы, чтобы определить, в какой степени они посвящены развитию мягких навыков и их влиянию на возможности трудоустройства среди ИТ-специалистов. Результаты показывают, что большое внимание уделяется коммуникативным навыкам, самомотивации, командной работе и навыкам решения проблем. Ориентация на результат и навыки межличностного общения также считались важными. В целом, результаты свидетельствуют о растущем признании важности мягких навыков в ИТ-образовании. Однако существует необходимость в дальнейших исследованиях для создания четких рамок и методологий для эффективной интеграции этих навыков в учебные программы. Это исследование вносит вклад в продолжающуюся дискуссию о развитии мягких навыков в ИТ-образовании и дает ценную информацию преподавателям, политикам и заинтересованным сторонам отрасли, стремящимся повысить возможности трудоустройства выпускников ИТ-специалистов.

Ключевые слова: мягкие навыки, информационные технологии, возможности трудоустройства, высшее образование, потребности отрасли, дефицит навыков.

М.С. Бекболат¹, К.М. Беркімбаев¹, Х.И.Булбул²

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік Университеті, Түркістан қ., Қазақстан

²Гази Университеті, Анкара қ., Түркия

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИКЕМДІ DAҒДЫЛАРДЫ ДАМУ: ЖҮЙЕЛІ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Аңдатпа

Ақпараттық технологиялар (IT) саласына икемді дағдыларды интеграциялау академиялық дайындық пен салалық күтулер арасындағы алшақтықты жою үшін маңыздырақ бола бастады. Бұл жүйелі әдебиеттік шолу коммуникация, өзін-өзі ынталандыру, топтық жұмыс, нәтижеге бағдарлану, проблемаларды шешу және тұлға аралық дағдылар сияқты негізгі құзыреттерге назар аудара отырып, IT-білім берудегі икемді дағдыларды дамытудың қазіргі көрінісін зерттейді. Scopus және ACM дерекқорларын кешенді іздеу нәтижесінде барлығы 37 сәйкес мақала анықталды, Scopus-тан 22 мақала және ACM-ден 15 мақала қосу критерийлеріне сәйкес келді. Таңдалған мақалалар IT мамандарының икемді дағдыларын дамыту және олардың жұмысқа қабілеттілікке әсер ету дәрежесін анықтау үшін талданды. Нәтижелер қарым-қатынас дағдыларына, өзін-өзі ынталандыруға, топта жұмыс істеуге және проблемаларды шешу дағдыларына қатты назар аударылғанын көрсетеді. Нәтижеге бағытталған көзқарас пен тұлғааралық дағдылар да маңызды деп саналды. Жалпы алғанда, нәтижелер IT-білім берудегі икемді дағдылардың маңыздылығын мойындаудың артып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, осы дағдыларды оқу бағдарламаларына тиімді енгізудің нақты негіздері мен әдістемелерін құру үшін қосымша зерттеулер қажет. Бұл зерттеу IT білім берудегі икемді дағдыларды дамыту бойынша жалғасып жатқан дискурсқа үлес қосады және IT түлектерінің жұмысқа қабілеттілігін арттыруға ұмтылатын мұғалімдерге, саясаткерлерге және салалық мүдделі тараптарға түсінік береді.

Түйін сөздер: икемді дағдылар, ақпараттық технологиялар, жұмысқа қабілеттілік, жоғары білім, салалық қажеттіліктер, дағдылардағы айырмашылық.

Main provisions

The main provisions of the study illuminate the crucial intersection between higher education in information technology (IT) and the evolving demands of the industry. It underscores the necessity for academic institutions to adapt their curricula to bridge the gap between what companies require and what students are taught. This adaptation is imperative due to significant shifts in the technology-related job market, driven by rapid technological advancements. The research highlights a fundamental misalignment between the skills imparted by higher education institutions and those sought after by IT companies. It reveals a prevailing deficiency in soft skills among novice ICT professionals, emphasizing the need for a holistic approach to education that goes beyond technical knowledge. The study underscores the importance of personal development goals, including the cultivation of social and emotional skills, alongside technical proficiency.

Additionally, the findings emphasize the critical role of collaboration between academic institutions and industry stakeholders. By fostering partnerships and engaging in dialogue, universities can gain valuable insights into industry needs and tailor their programs accordingly. This collaborative approach is essential for addressing the skills gap and ensuring the employability of IT graduates in a rapidly changing job market. Furthermore, the study sheds light on the emerging importance of non-cognitive competencies, often referred to as soft skills, in the IT sector. These skills, such as communication, creativity, and critical thinking, are increasingly valued by employers alongside technical expertise. As such, there is a growing imperative for higher education institutions to integrate the development of these skills into their curricula to better prepare students for the demands of the modern workforce. In conclusion, the study underscores the transformative role of higher education in shaping the future of the IT workforce. By prioritizing the development of both technical and soft skills, academic institutions can empower students to thrive in a dynamic and competitive industry landscape while contributing to societal and economic growth.

Introduction

The growing emphasis on soft skills in the field of Information Technology (IT) highlights a pivotal shift in higher education and professional sectors toward more holistic competency frameworks. As the demand for soft skills has escalated, so too has the scrutiny on higher education institutions (HEIs) by employers who believe graduates are not sufficiently prepared with these crucial capabilities. In [1] researchers articulate this dynamic by exploring the differing perceptions between students and employers regarding the importance and acquisition of soft skills, indicating a significant gap in expectations and reality.

Innovative educational strategies such as cooperative learning have been developed to address these needs. The implementation of group projects in IT courses at Georgia Southern University demonstrates an active learning approach aimed at enhancing both deep learning and soft skills, such as teamwork and communication, which are crucial for success in the IT sector [2]. However, while these methods promote soft skills training, their effectiveness in real-world scenarios remains difficult to assess, particularly in terms of equitable contribution and actual skill application outside the classroom.

Despite the acknowledged importance of soft skills, there is a dearth of empirical models linking these skills directly to IT project success. In [3] authors underscore this gap, revealing a lack of comprehensive models that delineate the causal relationship between soft skills and project outcomes in IT, even though such skills are crucial for managing the complexities of modern IT.

This study aims to address the gap in the literature by investigating the integration of soft skills into IT curricula. Specifically, the research focuses on identifying which soft skills are deemed essential for IT specialists and examining the educational strategies and pedagogical theories that support the development of these skills in IT education settings.

The primary purpose of this systematic literature review is to synthesize existing research on the role of soft skills in IT education and professional practice. By consolidating findings from studies published in major academic databases, the review seeks to highlight effective strategies for embedding soft skills within IT curricula and to discuss the implications of these strategies for enhancing employability and job performance among IT professionals.

The study was guided by several hypotheses:

H1: Soft skills are positively associated with job performance and employability among IT specialists.

H2: Educational interventions that incorporate soft skills development into IT curricula improve student outcomes and preparedness for the workforce.

These hypotheses aim to explore the transformative potential of integrating soft skills into IT education and to provide a foundation for recommendations on curriculum enhancements. Through this review, we seek to provide educational leaders and policymakers with evidence-based guidance on fostering a workforce well-equipped to meet the challenges of the modern IT landscape.

Research methodology

This systematic literature review aims to identify the essential soft skills relevant to IT specialists by reviewing existing literature and citing relevant studies and theories related to soft skills development in education and the IT sector. The Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses (PRISMA) method was employed to ensure a structured and transparent approach to this review.

Based on a comprehensive review of available databases, Scopus and ACM were chosen for this study. Scopus was selected over the Web of Science (WoS) due to its broader coverage in Natural Sciences and Engineering, as established by Philippe Mongeon and Adèle Paul-Hus in their comparative analysis of journal coverage [4]. This study also noted a 63% overlap between Scopus and WoS, justifying the choice to use only one of these databases to avoid redundancy. Meanwhile, the overlap between ACM and Scopus was deemed low, making ACM a valuable additional source

for accessing literature specific to computing and IT. This selection strategy ensures coverage of high-indexed and good journals, important for a comprehensive review of the topic.

The search was conducted using the string: "soft skills" AND ("IT specialists" OR "information technology" OR education) AND ("development" OR "employability" OR "integration"). This search aimed to capture a broad spectrum of articles discussing the development, relevance, and educational theories of soft skills specifically tailored for IT professionals.

The search criteria used for retrieving relevant articles from the Scopus and ACM databases are summarized in Table 1. This table outlines the database names, search keywords, date ranges, and language filters employed in the search process.

Table 1. Summary of Search Criteria for Scopus and ACM Databases

Scopus	ACM
<ul style="list-style-type: none"> - <i>Field of Study: Computer Science, Social Sciences, and Engineering.</i> - <i>Document Type: Review papers and research articles.</i> - <i>Time Frame: From 2010 to April 2024, based on the relevance and contemporary significance of the literature.</i> - <i>Language: Articles published in English.</i> 	<ul style="list-style-type: none"> - <i>Document Type: Research articles.</i> - <i>Time Frame: Articles published from 2010 onwards, following the same rationale as for Scopus to ensure the relevance of the data.</i>

The initial screening was based on titles and abstracts using pre-defined questions aligned with the study's hypotheses. This was followed by a full-text review to ensure the articles adequately addressed the research questions and hypotheses.

Screening Questions

Hypothesis 1: Soft skills are positively associated with job performance and employability among IT specialists.

¹Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: Mazhibaeva.84@mail.ru

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ МАТЕРИАЛДАРЫН ЖАСАУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Қазіргі білім беруде цифрлық технологиялар бақылау-өлшеу материалдарын (БӨМ) құруда және басқаруда маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, болашақ информатика мұғалімдеріне арналған БӨМ әзірлеуде цифрлық технологияларды қолдану бағалау әдістерін түрлендіруге және болашақ мұғалімдерді тиімдірек оқытуға мүмкіндік береді. Бұл мақала бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеу барысында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін зерттеуге арналған. Зерттеуге Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 4 курс «Информатика» білім беру бағдаламасы бойынша білім алып жатқан 22 студенттері мен осы институттың 26 профессор-оқытушылары қатысты. Авторлар деректерді жинау құралы ретінде Google формада білім алушыларды даярлауда тиімді бағалау үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды зерттеуге студенттер мен оқытушылардан сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша сандық талдау жүргізілді. Сауалнамада оқыту және оқу әдістері, білім мен дағдыны бағалау, кері байланыс, техникалық ресурстар мен жабдықтар сияқты модульдері бойынша сұрақтар берілді. Зерттеу нәтижесінде оқытушылар үшін цифрлық технологияларды оқу процесінде тиімді қолдануға үйрету қажеттілігін көрсетеді. Болашақ информатика пәні мұғалімдерін даярлауда цифрлық технологияларды пайдалану білім сапасының жоғарылауына әкеліп, заман талабына бейімделіп, студенттердің бойында қажет дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді деген жалпы тұжырым қалыптасты.

Түйін сөздер: бақылау-өлшеу материалдары, информатика, цифрлық технологиялар, бағалау.

С.М. Кенесбаев¹, Г.П. Мажобаева¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СОЗДАНИИ КОНТРОЛЬНО-ИЗМЕРИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ ДЛЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

Аннотация

В современном образовании цифровые технологии играют важную роль в создании и управлении контрольно-измерительными материалами (КИМ). В частности, применение цифровых технологий в разработке КИМ для будущих учителей информатики позволяет трансформировать методы оценки и более эффективно обучать будущих учителей. Данная статья посвящена исследованию эффективности использования цифровых технологий при разработке контрольно-измерительных материалов. В исследовании приняли участие 22 студента Казахского национального женского педагогического университета, обучающиеся по образовательной программе «Информатика» 4 курса и 26 профессорско-преподавательского состава данного института. Авторы опросили студентов и преподавателей, чтобы изучить методы и инструменты, используемые для эффективной оценки обучения учащихся в форме Google в качестве инструмента сбора данных. По результатам опроса был проведен количественный анализ. В анкете были заданы вопросы по таким модулям, как методы обучения и оценивания, оценка знаний и навыков, обратная связь, технические ресурсы и оборудование. Исследование показывает необходимость обучения преподавателей эффективному использованию цифровых технологий в учебном процессе. Сформирован общий вывод о том, что использование цифровых технологий в подготовке будущих учителей информатики приведет к повышению качества знаний, адаптируется к современным требованиям и будет способствовать формированию у студентов необходимых навыков.

Ключевые слова: контрольно-измерительные материалы, информатика, цифровые технологии, оценка.

S. Kenesbayev¹, G. Mazhibayeva¹

¹Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF CONTROL AND MEASUREMENT MATERIALS FOR FUTURE COMPUTER SCIENCE TEACHERS

Abstract

In modern education, digital technologies play an important role in the creation and management of control and measuring materials (CMM). In particular, the use of digital technologies in the development of CMM for future computer science teachers makes it possible to transform assessment methods and train future teachers more effectively. This article is devoted to the study of the effectiveness of the use of digital technologies in the development of control and measurement materials. The study involved 22 students of the Kazakh National Women's Pedagogical University, studying under the 4th year educational program "Informatics" and 26 faculty members of this institute. The authors interviewed students and teachers to explore the methods and tools used to effectively evaluate student learning in the form of Google as a data collection tool. A quantitative analysis was carried out based on the results of the survey. The questionnaire asked questions on modules such as teaching and learning methods, knowledge and skills assessment, feedback, technical resources and equipment. The study shows the need to train teachers in the effective use of digital technologies in the educational process. A general conclusion has been formed that the use of digital technologies in the training of future computer science teachers will lead to an increase in the quality of knowledge, adapt to modern requirements and will contribute to the formation of necessary skills among students.

Keywords: control and measuring materials, computer science, digital technologies, assessment.

Негізгі ережелер

Бақылау-өлшеу материалдарына (БӨМ) және олардың педагогикалық жоғары оқу орынының студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудағы рөліне басты назар аударылады. Оқуды интерактивті және қолжетімді ететін цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізудің маңыздылығы атап өтілді.

Заманауи технологиялар студенттердің білімі мен дағдыларын дәлірек бағалауды жеңілдеті отырып, БӨМ құруды және пайдалануды жеңілдетеді. Сондай-ақ, болашақ информатика пәні мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктеріне назар аударылды, олар тек пәнді меңгеріп қана қоймай, оқу үрдісінде цифрлық құралдарды пайдалана білуі қажеттілігі мен олардың студенттердің мотивациясын арттыруға көмектеседіндігі қарастырылды. Цифрлық БӨМ-мен жұмыс істейтін болашақ информатика мұғалімдері цифрлық технологиялар оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналып жатқан заманауи мектептерде жұмыс істеу үшін қажетті дағдылары қалыптасады.

Осылайша, зерттеу болашақ информатика мұғалімдері үшін бақылау-өлшеу материалдарын жасау мен пайдалануда цифрлық технологияларды интеграциялау оларды оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттырып, оқу үдерісінің сапасын жақсартады.

Кірісіне

Цифрлық технологиялар қазіргі заманауи білім беруде маңызды рөл атқарады, бұл жүйе оқу тәсілін өзгертеді және студенттер мен оқытушыларға жаңа мүмкіндіктер жасайды. Олар ақпаратты тиімді пайдалануға, білімге қолжетімділікті жақсартуға, интерактивті және инновациялық оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Білім берудегі цифрлық технологиялардың негізгі мақсаттарының бірі – білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету. Олар шалғайдағы немесе мүмкіндігі шектеулі студенттерге онлайн курстар мен қашықтықтан оқыту арқылы сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе мектепте немесе университетте физикалық тұрғыдан болу мүмкін емес жағдайларда, мысалы, пандемия кезінде өте маңызды роль атқарады.

К.Г.Кязимов [1] цифрлық білім беру технологияларының маңыздылығына туралы: «Кәсіптік білім беру мекемесінде заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану бұл сапалы білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі, басқарушылық қызметтің тиімділігін арттырады, жас мамандарды кәсіби құзыреттілікке кезең-кезеңімен қол жеткізу процесін жеделдетеді» деп айтады.

Мәселе қазіргі цифрлық технологияларға негізделген инновациялық білім беру технологиялары мен дидактикалық үлгілерін жаппай және тиімді пайдалану арқылы білім беру жүйесін цифрлық білімді ұрпаққа бейімдеу қажет. Жаңа цифрлық технологиялардың білім беру процесінде тиімділігін өлшеу қиындықтарды туғызады. Себебі білім алушылардың оқу нәтижелеріне, олардың мотивациясына және оқу процесіне әсерін бағалау жан-жақты зерттеуді, сонымен қатар жаңа әдістемелік тәсілдерді қажет етеді.

Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету, студенттерге арнап жаңа ресурстарды құру және білім берудегі цифрлық технологиялардың әсерін бағалаудың тиімділігін қамтамасыз ететін кешенді әдіс-тәсілдерді жасау қажеттілігі туындап отыр.

Жалпы білім беру жүйесін дамыту үшін цифрлық білім беру технологияларын пайдалану білім сапасын арттыру саласындағы маңызды стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда цифрлық технологияларды қолданудың даму сатысынан өтуде.

Г. Petana және С. Rosa [2] пікірлерінше «Цифрлық технологиялар бүкіл білім беру жүйесінде парадигмалық өзгерістерге әкелді. Ол тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар ақпараттың бірлескен авторы, тәлімгер және бағалаушы».

Ал, М.А. Camilleri , А.С. Camilleri [3] зерттеулерінде үлестірмелі материалдар мен кітаптар үшін қағазды аз пайдаланудың қоршаған ортаға әсерінен бастап, уақытты үнемдеу мен зерттеудің ыңғайлылығына дейін цифрлық оқыту шығындарды азайтудың, ресурстарды тиімді пайдаланудың, тұрақтылықты ынталандырудың және студенттер мен мұғалімдердің қол жетімділігі мен әсерін кеңейтудің тамаша тәсілі болып табылатындығын атап көрсетеді.

Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. Бұл технологиялар тек оқыту әдісін өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар олар бақылау- өлшеу материалдарын (БӨМ) жасауға айтарлықтай әсер етеді. БӨМ әзірлеуде цифрлық технологияларды пайдалану оқу орындарына, оқытушыларға және студенттерге көптеген жеңілдіктер береді [4].

Бақылау-өлшеу материалдары қазіргі әлемдегі білім беру процестерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Олар студенттердің білімін, дағдылары мен құзыреттерін бағалаудың құралы болып, сонымен қатар білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндіктер береді.

Бақылау-өлшеу материалдары білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бақылау үшін мақсатты түрде әзірленген материалдар болып табылады, яғни БӨМ білім, білік және дағдыларды меңгеру дәрежесін нақты көрсете алатын сапалық және сандық көрсеткіштермен анықталады [5].

Цифрлық технологиялар БӨМ-ды студенттерді оқытудың әртүрлі деңгейлеріне икемді және тиімдірек бейімдеуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды пайдалану оқу үлгерімін бағалау тиімділігін арттыруда және оқу мүмкіндіктерін әртараптандыруда көптеген артықшылықтары көрінеді [6]. Жоғары білім беру саласындағы жұмысты бағалау цифрлық технологияларды енгізудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл білім алушылардың үлгерімін, дағдыларын және жұмысын бағалауға айтарлықтай көмектеседі. Цифрлық технологияның көмегімен істелінетін іс-шаралардың көптеген түрлерінің жағдайын қысқа мерзімде бағалауға болады. Зерттеушілердің пікірінше, цифрлық технологияларды оқу орындарында білім алушыларды оқытуға оң әсерін тигізетіндігін, сонымен бірге мұғалімдер оларды пассивті және белсенді оқу іс-шараларына қарағанда конструктивті және интерактивті түрде студенттерді тартуды ынталандыру үшін пайдаланған кезде олар ерекше тиімді болатындығын атап айтқан [7].

Интерактивті тапсырмалар, кіріктірілген тесттер және бейімделген платформалар әрбір студенттің жеке қажеттіліктері мен білім деңгейін ескере отырып, нақты уақыт өлшемінде сұрақтардың күрделі түрін меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы сұрақтар мен тапсырмалардың алуан түрлерін құруға болады. Интерактивті тапсырмалар, мультимедиялық элементтер, симуляциялар және виртуалды зертханаларда жұмыс істеу барысында цифрлық технологияларды пайдалану оларды қызықтырақ және әртүрлі оқу стильдерін қолданып дәрістерді беруге болады.

Цифрлық технологиялардың өзін қолдану мұғалімге білім алушылардың назарын оқу процесіне көбірек аударуға мүмкіндік береді, өйткені цифрлық технологияларды пайдалану оқытудың заманауи қосымша әдістемелік жолдарын меңгеру керектігін көрсетеді.

Білім беруді цифрландыру бүгінгі күні шығармашылық ойлау мен қабілеттілікті жетілдірудің принциптеріне негізделген. Жоғары білімнің міндеті - шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал ету, бұл бүгінгі күні ресми білімнен гөрі маңызды. Оқытушының міндеті – білім алушының дамуына серпін беру [8].

Автоматтандырылған бақылау жүйесі сияқты цифрлық құралдарды пайдалану арқылы мұғалімдер әдеттегі бағалауға уақытты үнемдей алады және нәтижелерді тереңірек талдауға көп көңіл бөледі. Автоматтандырылған кері байланысты пайдалана отырып, компаниялар мен білім беру мекемелері студенттерге ақпаратты тез қабылдап, ұсына алады [9]. Ол сондай-ақ адам қателігінің ықтималдығын азайтады және объективті бағалауды қамтамасыз етеді.

БӨМ-ді құруда цифрлық технологияларды пайдалануда біраз қиындықтар кездеседі. Ең алдымен, студенттердің белгілі бір топтары үшін мүмкін болатын технологиялық кедергілерді ескере отырып, қолжетімділік пен теңдік қамтамасыз етілуі керек. Сондай-ақ онлайн бақылау өткізу кезінде деректер қауіпсіздігі мен алаяқтықтан қорғауды қамтамасыз ету маңызды. Дегенмен, студенттер мен оқытушылар қазір осы жаңа технологияны аудиториядағы тиімділік пен нәтижелілікті арттыру үшін пайдалануда.

Бақылау-өлшеу материалдарын жасаудағы цифрлық технологиялар білім беру ұйымдары мен болашақ педагогтерді даяралау, бақылау форматтарын кеңейту мен интерактивті бағалауды автоматтандырудың заманауи құралдарымен қамтамасыз етеді. Бұл артықшылықтар оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға және студенттерді заманауи әлемнің қиындықтарына жақсырақ дайындауға ықпал етеді.

Болашақ информатика мұғалімдері программалау және ақпараттық технологиялар әлеміндегі соңғы тенденциялармен таныс болып, танымал бағдарламалау тілдерін меңгеру, заманауи фреймворктермен жұмыс істеу және программалық жасақтама архитектурасын түсіне білу керек. Жоғары деңгейде білім беру үшін тек технологияны білу жеткіліксіз. Болашақ информатика мұғалімдері оқытудың заманауи әдістерін, соның ішінде интерактивті және шығармашылық тәсілдерді меңгеруі керек. Бұған сыни тұрғыдан ойлауға және мәселелерді шешуге ықпал ететін білім беру саласындағы оқыту бағдарламаларының жаңа заман талабына сай жасалған оқу-әдістемелік құралдары болу керек.

Болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда ақпараттық технологияларды әртүрлі пәндер мен сынып деңгейлеріне кіріктіру әдістері, сондай-ақ оқыту үдерісін қолдау мен интерактивті дәрістерді құру үшін технология түрлерін пайдаланады.

Оқытудың мазмұндық жүйесін жетілдіру үшін кешенді оқыту курсының стандарттарын әзірлеуді және жоғары бейімделетін «дәлдік» оқыту үлгісін құруды ұсынды. Сонымен қатар, оқыту мазмұны қолданбалы қосымшаларды оқыту, аудио және бейне жасау және өңдеу сияқты практикалық технологиялардың үлесін арттыру арқылы үнемі жаңартылып отыруы керек.

Болашақ информатика мұғалімдерін нәтижелі дайындау тек теориялық біліммен қатар практикалық тәжірибені жетілдіруді де қажет етеді. Мектептер мен оқу орталықтарындағы практикумдар студенттерге алған дағдыларын нақты жағдайда қолдануға көмектеседі.

Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау техникалық білімнің, әдістемелік шеберліктің және педагогикалық құзіреттіліктің үйлесімділігін талап ететін күрделі процесс. Информатика

мұғалімдерінің нәтижелі дайындығы цифрлық қоғамның болашағын қалыптастыруда, кейінгі ұрпаққа заманауи ақпараттық әлемге сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды беруде шешуші рөл атқарады.

Білім беруде цифрлық технологиялардың дамуымен студенттердің білімін бағалау әдістемесінде елеулі өзгерістер орын алуда. Бұл түрлендірудің негізгі аспектілерінің бірі - интерактивті бағалау формаларын құру мүмкіндігінің ғылыми әдістемелік жолдарын жасауды талап етеді [10].

Студенттердің жетістігі мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жақсарту үшін де, үлгерімі төмен студенттерге нақты нұсқаулықтық қолдау көрсету үшін де қалыптастырушы бағалауды қолдану болып табылады [11].

Ең көрнекті өзгерістердің бірі электронды тестілер мен сауалнамаларды қолдану болып отыр. Оқытушылар енді бағалау процесіне әртүрлі ұсыныстар айта отырып, бірнеше таңдау жасауды, сәйкестендіруді және басқа сұрақ түрлерін жасай алады. Цифрлық платформалардың арқасында сынақ нәтижелерін жылдам тексеруге болады, бұл уақытты үнемдейді және дереу кері байланыс бере алады. Сондай-ақ, практикалық дағдыларды қажет ететін пәндер үшін цифрлық технологиялар симуляциялар мен виртуалды зертханаларды ұсынады. Бұл студенттерге бақыланатын ортада дағдыларды үйренуге мүмкіндік береді, яғни бұл әсіресе физикалық ресурстарға қолжетімділік шектеулі болса пайдалы. Оқытушылар студенттерге виртуалды шындықта тәжірибе жасауға және түсініктерді үйренуге мүмкіндік беретін интерактивті сценарийлер жасай алады.

Бағалау материалдарында аудио, бейне және графиканы қолдану студенттердің оқу тәжірибесін байытады. Презентацияларды, интерактивті графиканы және бейне сабақтарды тапсырмаларға қосуға болады, бұл күрделі ұғымдарды визуализациялауға және курс материалдарын қол жетімді етуге көмектеседі. Цифрлық технологиялар сонымен қатар нақты уақыт ішінде кері байланысты қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Оқытушылар цифрлық ортада студенттердің үлгерімі туралы тікелей түсініктеме бере алады, қателерді түсіндіре алады және жақсарту бойынша ұсыныстар ұсына алады.

Төменгі 1-кестеде дәстүрлі әдістермен салыстырғанда бағалаудың интерактивті түрлерінің тиімділігін зерттеудің негізгі аспектілері, сондай-ақ ықтимал әдістер мен күтілетін нәтижелер туралы қысқаша мәліметтерді береміз:

Кесте 1. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда бағалаудың интерактивті түрлерінің тиімділігіннің негізгі аспектілері

<i>N</i>	<i>Зерттеу аспектісі</i>	<i>Зерттеу әдістері</i>	<i>Күтілетін нәтиже</i>
<i>1.</i>	<i>Студенттердің орындауы</i>	<i>Интерактивті формалар мен дәстүрлі әдістерді қолдану арқылы топтарға арналған емтихан және тест нәтижелерін салыстырмалы талдау. Студенттердің әртүрлі әдістердің тиімділігін қабылдауы туралы сауалнама жүргізу.</i>	<i>Бағалаудың интерактивті түрлерін пайдалана отырып, топпен жұмыс жасауды жақсартады. Студенттердің интерактивті әдістерге деген оң көзқарасы қалыптасады.</i>
<i>2.</i>	<i>Студенттердің мотивациясы</i>	<i>Студенттердің мотивация деңгейін бағалау үшін сұхбаттар мен сауалнамалар. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен белсенділігінің статистикасын салыстыру.</i>	<i>Интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің жалпы мотивациясы, белсенділік пен сабаққа қатысуы артады.</i>

3.	Оқуға белсенділік	Студенттердің пікірталастарға және интерактивті тапсырмаларға қатысу деңгейін бақылау. Сауалнама нәтижелерін салыстырмалы талдау.	Интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің оқу үрдісіне қатысуын арттырады. Топтардағы қарым-қатынас пен өзара әрекетті жақсартады.
4.	Кері байланыс	Дәстүрлі және интерактивті әдістердегі кері байланыс құрылымын салыстырмалы талдау. Кері байланыс беруге қажетті уақытта бағалауды жүргізу.	Интерактивті әдістерді қолдану кезінде кері байланыс сапасын арттыру. Кері байланыс беруге кететін уақытты азайту.
5.	Қосымша дағдыларды дамыту	Сыни тұрғыдан ойлау, дербестік, топпен жұмыс жасау сияқты дағдылардың дамуын өлшеу. Дағдыларды өзін-өзі бағалау бойынша сауалнама нәтижелерін салыстыру.	Интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттер арасында қосымша дағдыларды дамыту деңгейін артады. Студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына интерактивті әдістердің әсері туралы оң көзқарастары қалыптасады.

Бейімделетін оқыту жүйелері әр студенттің білім деңгейіне байланысты жеке тапсырмаларды құруға мүмкіндік береді. Бұл оқудың тиімділігін арттырып қана қоймай, әр студенттің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, бағалауды әділетті жүргізеді.

Цифрлық технологиялар автоматтандырылған бағалау әдістерін қолдануға мүмкіндік береді, бұл мұғалімдердің уақытын айтарлықтай үнемдейді. Оқытуды басқару жүйелері (LMS) ұсынатын жылдам кері байланыс студенттерге қателерді дереу түзетуге және дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Қазіргі білім беру әлемінде оқытудың сапасы мен білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды қолдануға айтарлықтай бетбұрыс болды. Бұл ауысымды жеңілдететін негізгі құралдардың бірі - Learning Management Systems (LMS) немесе оқытуды басқару жүйелері. LMS - виртуалды кеңістікте білім беру процестерін ұйымдастыруға, басқаруға және бақылауға арналған қуатты онлайн платформалар. LMS -тің оқу-ақпараттық бақтарының негізгі мақсаты білім алушылар мен оқытушылар үшін оқу процесін ұйымдастыруды әдіснамалық, дидактикалық және ақпараттық қамтамасыз етудің деңгейі мен сапасын арттыру болып табылады. MOODLE-learning ақпараттық/білім беру ортасы икемді және бейімделген болып табылады [12]. LMS дәріске қатысу, тапсырмаларды орындау мерзімі, талқылауға қатысу және тестілеу сияқты студенттердің белсенділігіне қатысты әртүрлі деректерді автоматты түрде жинайды [13]. Бұл деректер оқытушылар мен білім беру басшыларына жылдам қол жеткізуге мүмкіндік беретін ыңғайлы және құрылымдық пішінде сақталады. LMS сонымен қатар оқытушыларға студенттердің жұмысын талдауға мүмкіндік береді. Бұған сынақ нәтижелері мен тапсырмаларды бағалау, сондай-ақ семестрдегі оқу үлгерімін бағалау кіреді. Автоматтандырылған бағалау жүйелері мен бағалау кітаптары бұл процесті жеңілдетеді. Бизнеске автоматтандырылған бағалау және кері байланыс компанияларға процестерді оңтайландыруға, қызметкерлердің өнімділігін арттыруға және нарықтағы өзгерістерге тез жауап беруге көмектеседі. Тұрақты және жедел бағалау стратегиялардың, басқарушылық және техникалық шешімдердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде білім берудің ыңғайлы және бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Дегенмен, көптеген артықшылықтарға қарамастан, автоматтандырылған бағалау және кері байланыс жүйелерін енгізу мұқият жоспарлау мен басқаруды талап етеді. Деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пайдаланушыларды жүйені пайдалануға үйрету, оқыту мен еңбек қатынастарында этикалық ұсыныстар мен көзқарастарды ескеру маңызды.

Зерттеу әдіснамасы

Болашақ информатика мұғалімдеріне арналған бақылау-өлшеу құралдарын әзірлеу кезінде білім алушылардың білімін бағалау мен тексеруді жеңілдету үшін әртүрлі цифрлық технологиялар қолданылады. Бұл технологияларды болашақ информатика мұғалімдерін оқыту мен бағалау процесінде пайдалануда тиімді. Төменде 2-кестеде болашақ информатика мұғалімдері үшін бақылау және өлшеу құралдарын әзірлеудегі негізгі қадамдардың сипаттамасы берілген:

Кесте 2. Болашақ информатика мұғалімдері үшін бақылау және өлшеу құралдарын әзірлеудегі негізгі қадамдардың сипаттамасы

Кезең	Тапсырмалар	Цифрлық технологиялар
1. Мақсаттары мен міндеттері	Негізгі мақсаттар мен міндеттерді бақылаңыз және анықтаңыз.	Мысалы: қолданылмайды
2. Технологияларды таңдау	Цифрлық технологияларды анықтаңыз.	- Білім беру платформалары; - Курстарды басқару жүйелері (LMS); - Онлайн тестілеу және бейімделу платформалары.
3. Контентті құру	- Бақылау материалдарын әзірлеңіз: тесттер, тапсырмалар, сұрақтар.	- Google Form; - Quizizz; - Тест және сауалнама конструкторлары.
4. Зертханалық интеграция	- Виртуалды зертханалар мен симуляторларды пайдалануды қарастырыңыз.	Тренажерлар
5. Баға	Білімді бағалау әдістерін таңдаңыз: автоматты бағалау, өзара бағалау.	- Автоматты сынақ ұнайлары, - Өзара бағалау.
6. Бейімделу жүйелері	Бейімделетін оқыту жүйесін, дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеңіз.	- Бейімделетін оқыту жүйелері
7. Автоматтандыру	-Процесті автоматтандыруды тексеріңіз: нәтижелерін бағалау, статистика, кері байланыс.	- Нәтижелерді автоматты өңдеу; - Деректерді талдау және есеп беру жүйелері.
8. Тестілеу және тиімділеу	Құралдарды тестілеуді жүргізу, кері байланыс пен тестілеу нәтижелеріне сәйкес тиімділеу.	Тестілеу және тиімділеу
9. Оқытушылардың біліктілігін арттыру	Оқытушыларды жаңа бақылау-өлшеу құралдарын пайдалануға оқытуды қамтамасыз етіңіз.	Жаңа цифрлық технологияларды қолдану бойынша оқу курстары мен материалдар
10. Іске асыру	Құралдарды оқу процесіне енгізу, пайдалану мен тиімділігін бақылаңыз.	- Оқу үдерісін интеграциялау; - Қолдан мониторингі және тиімділігі.

Болашақ информатика мұғалімдеріне арналған бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеуде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін зерттеу – білім беру және ақпараттық

технологиялар саласындағы қазіргі тенденция. Зерттеудің бұл түрі заманауи технологиялардың оқу үдерістеріне әсерін бағалауға және болашақ информатика мұғалімдерінің білімін бақылау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта зерттеу жұмысы Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 4 курс «БВ01506-Информатика» және «БВ01514-Информатика-робототехника» білім беру бағдаламасы бойынша білім алып жатқан 22 студенттерден сауалнама алынды. Бұл студенттерді даярлауда тиімді бағалау үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды зерттеуге арналған сауалнама болып табылады. Сауалнамада оқыту және оқу әдістері, білім мен дағдыны бағалау, кері байланыс, техникалық ресурстар мен жабдықтар модульдері бойынша сұрақтар берілді. Сауалнамаға нәтижесінде қатысқан 23 студенттің 95%-ы цифрлық технологияларды білімді бақылауда тиімді деп санайтындықтарын көрсетті. Сауалнама қорытындысы 3-кестеде толығымен берілген.

Кесте 3. Студенттерді даярлауда тиімді бағалау үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды зерттеуге арналған сауалнама

Сауалнама модулі	Сұрақ	Студенттердің жауаптары (студент саны, %-дық көрсеткіш)
Оқыту және оқу әдістері	Пән оқытушылары бағалау үшін қандай әдістерді қолданады?	– Жазбаша тесттер – 4 (17.3%) – Ауызша сұрақтар – 1 (4.3%) – Үй тапсырмалары- 2 (8.7%) – Жобалар – 10 (43%) – Практикалық жұмыстар немесе зертханалық жұмыстар – 6 (26%)
	Пән оқытушылары Сіздердің білімдеріңізді цифрлық технологияларды білімді бақылау барысында қолданылды ма?	– Ия – 15 (65.2%) – Жоқ - – Кейбір жағдайларда – 8 (34,8%)
	Сіздің оқыту бағдарламаңызда қандай оқыту әдістерін тиімді деп санайсыз? (Бірнеше опцияны таңдаңыз)	– Дәрістер мен семинарлар – 18 (78%) – Топтық жобалар – 17 (73%) – Практикалық жаттығулар – 8 (34,8%) – Виртуалды сабақтар мен онлайн курстар – 12 (52%) – Қашықтықтан оқыту технологиялары – 12 (52%)
	Осы материалдардың қайсысын білім алуыңызға тиімді деп санайсыз? (Бірнеше опцияны таңдауға болады)	– Бейне сабақтар – 18 (78%); – Интерактивті тапсырмалар – 18 (78%); – Электрондық оқулықтар – 8 (34,8%); – Тесттер мен викториналар – 15 (65.2%); – Басқа (көрсетіңіз):
Білім мен дағдыны бағалау	Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін қандай бағдарламалар немесе платформалар қолданар едіңіз?	– Электрондық портфолиолар – 2 (8.6%); – Арнайы онлайн платформалар – 10 (43.4%); – Оқу орындарында бекітілген оқытуды басқару жүйелері (LMS) – 11 (47.8%); – Басқалар (көрсетіңіз):
	Кәсіби дағдыларын бағалаудың қандай әдістері ең тиімді деп санайсыз? (бірнеше таңдау)	– Тестілеу - 10 (43.4%); – Жобалық жұмыстар - 10 (43.4%); – Оқу материалдар бойынша тапсырмалар 15(65.2%); – Бағалаудағы басқа ұсынысыңыз

		(көрсетіңіз): 5(21%);
Кері байланыс	Бақылау нәтижелері бойынша кері байланыс процесі қалай ұйымдастырылады?	– Жеке консультациялар – 10 (43.4%); – Электрондық сауалнамалар мен бақылаулар – 8 (34.7%); – Топтық талқылаулар, ауызша сұраулар – 17 (73.9%); – кері байланыс платформаларын қолдану – 20 (86,8%); – Басқалар (көрсетіңіз):
	Пән оқытушысы цифрлық құралдарды пайдалана отырып, қаншалықты жиі кері байланыс жасайды?	– Әр сабақтан кейін - 12 (52,1%); – Аптасына бір рет 11(47.8%); – Айына бір рет - – Сирек -
	Оқытудың тиімді болуы үшін техникалық базаны жетілдіру қажет пе?	– Ия қажет- 16 (69.5%); – Қажет емес – Басқа мүмкіндіктерді пайдалану - 7 (30,4%);

Әлеуметтік сауалнамалар білім беру зерттеулерінде ақпарат алудың пайдалы құралы болып табылады. «Қазіргі заманғы оқу үдерісіндегі цифрлық құралдар мен ресурстар» сауалнамасы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Физика, математика және цифрлық технологиялар институтының оқытушыларына ұсынылды. Сауалнамаға 26 оқытушы қатысты. Сауалнама 6 сұрақ блогынан тұрды. Алынған нәтижелерді талдап көрейік.

Сұрақтардың бірінші блогы жеке деректерге қатысты болды: жынысы, еңбек өтілі, білімі, мамандығы. Респонденттердің 90%-дан астамы әйелдер болса, 10%-ы ғана ерлер. Кадр сапасы, жұмыс тәжірибесіне қарай анықталады. Осыған байланысты оқытушылардың педагогикалық тәжірибесі анықталды. Сауалнаманың екінші және үшінші сұрақтары қазіргі білім беру үдерісіндегі цифрлық құралдар мен ресурстардың үнемі өсіп келе жатқан рөліне оқытушылардың жалпы көзқарасын білуге мүмкіндік берді. Респонденттердің басым көпшілігі цифрлық ресурстарды пайдалану қажеттілігі туралы оң пікірлерін (1 және 2-сурет) берді.



Сурет 1. Респонденттердің цифрлық ресурстарды пайдалану қажеттілігі туралы пікірлері


Сонымен, сұраққа: «Сіздің берілген сұраққа жауабыңыз қандай болады: «Оқытушы өз жұмысында цифрлық құралдар мен ресурстарды пайдалануы керек пе?» деген сұраққа 23

респондент (94%) оң реакцияны таңдады. Келесі «Оқытушы цифрлық оқыту құралдарын таңдау мүмкіндігі бар ма?» деген сұраққа 22 (85%) оқытушының оң жауабы тіркелді.

Сауалнамадағы сұрақтардың төртінші блогы оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін анықтауға бағытталған. Он мәлімдемені (мұғалімнің әрекетін) төрт позиция бойынша бағалау керек болды:

- мәселе жоқ;
- қиындықтарды бастан кешіру;
- көмек қажет;

- мен білмеймін/жасай алмаймын. Барлық он мәлімдеме бойынша деректерді жинақтайтын болсақ, мұғалімдердің көпшілігі өздерінің цифрлық құзыреттілігін өте жоғары бағалайтынын көреміз. Орташа алғанда, 17 оқытушы ешқандай мәселе жоқ деп есептейді, 5-і кейде көмекке мұқтаж, 3-і қиындықтарды бастан кешіреді және тек 1-і бірдеңе жасауды білмейтінін мойындайды (2-сурет).



Сурет 2. Оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижесі


Тізімнің жеке мәлімдемелерін таңдау бойынша «еш кедергісіз» жауаптардың максималды саны-15 (жалпы санының 72%) «сабақта өз қызметіме цифрлық құралдар мен ресурстарды үнемі қолданамын» әрекетін бағалау кезінде тіркеледі; ал ең азы – 11 (46 %) – іс-әрекетті бағалау кезінде «білім алушылардың оқуға ынтасы мен ынтымақтастығын арттыруда цифрлық ортада педагогикалық жағдаяттарды үнемі жасаймын». Бұл әр мұғалімнің өз сабақтарында қандай да бір жолмен цифрлық ресурстарды (атап айтқанда, презентациялар және т.б.) пайдаланатындығымен түсіндіріледі, бірақ мұғалімнің стандартты емес мәселелерді шешуде цифрлық құралдарды қолдануы қиын, ол үшін цифрлық ресурстарды қолдануда практикалық дағдыларды қажет етеді.

Сауалнаманың бесінші блогы оқытушылардың студенттердің білімін бақылауда цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесін зерттеді. Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 59%-ы мұндай тапсырмаларды өз бетінше құрастыра алады, 36% - ы дайын тапсырмаларды қолданады, 5%-ы мүлдем қолданылмайды. Сауалнаманың алтыншы блогының сұрақтарына жауап бере отырып, оқытушы жеке тәжірибесіне сүйене отырып, студенттердің жоғары нәтижелеріне қол жеткізуіне цифрлық ресурстардың немесе құралдардың әсер ету дәрежесін бағалау керек болды. Таңдау келесі мәлімдемелерде болды:

- цифрлық құралдар білім нәтижесіне әсер етпейді;
- цифрлық құралдар білім нәтижесіне әсер етеді, өйткені олар дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек;
- цифрлық құралдар білім нәтижесіне әсер етеді, бірақ олар дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімділігі төмен.

- Цифрлық құралдар мен ресурстардың оқытушылардың білім беру нәтижелеріне әсер ету дәрежесін түсінетінін көрсетіп, «цифрлық құралдар нәтижеге әсер етеді, өйткені олар дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімді» жауап нұсқасын таңдаған оқытушылардың орташа пайызы - 68% құрады (3-сурет).

ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН РЕСУРСТАРДЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУ СИПАТЫН БАҒАЛАУЫ



Сурет 3. Цифрлық құралдар мен ресурстардың оқушылардың білім беру нәтижелеріне әсер ету сипатын бағалануы

Зерттеу нәтижелері

Сауалнама барысында алынған мәліметтерді талдау нәтижелерін қорытындылай келе, оқытушылардың цифрлық ресурстар мен құралдарды білетінін және пайдаланатынын, олардың студенттердің білім беру нәтижелерін қалыптастырудағы маңыздылығын түсінетінін атап өтеміз. Оқытушылардың студенттердің білім деңгейлерін бақылауда қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарын цифрлық технологияның көмегімен тиімді, дұрыс бағалай алады ма? деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақ ашық болып қалады және одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Болашақ информатика мұғалімдері үшін елімізде цифрлық технологияларды енгізу оқу үдерісін жетілдірудегі сәтті қадам екенін көрсетті. Дегенмен, технологияға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және мұғалімдерді жаңа құралдарды қолдануға үйрету сияқты кейбір қиындықтарды ескеру қажет.

Білім берудегі цифрлық технологияларды интеграциялау болашақ информатика мұғалімдерін дайындау сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Кейінгі зерттеулер цифрлық технологияларды білімді бақылауда қолданудың ұзақ мерзімді әсерін зерттеуге, сондай-ақ басқа білім беру бағдарламалары мен мамандықтары үшін әдістерді бейімдеуге бағытталуы мүмкін. Зерттеу нәтижесінде оқыту тиімділігін арттыруға көмектесетінін растайды. Цифрлық медианы пайдаланатын интерактивті оқыту әдістері, модельдеу және практикалық әрекеттер студенттерге ақпаратты тиімді сақтауға және маңызды дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Дискуссия

Цифрлық технологияларды қолдану студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл болашақ информатика мұғалімдері үшін маңызды, өйткені практикалық дағдылар оларға табысты оқытуға және оқытудың инновациялық әдістерін өз тәжірибесіне енгізуге мүмкіндік беріп, цифрлық технологияларды пайдаланып білім беруді қызықты етеді. Интерактивті элементтер, ойын тәсілі және оқуда заманауи технологияларды пайдалана білу студенттердің ынтасын және пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Бағалау жүйесінде автоматтандырылған бағалау жүйелері және цифрлық технологиялар арқылы жылдам кері байланыс жасау бағалау процесін жақсартады. Бұл нақты уақыт режимінде оқушылардың түсіну деңгейін дәлірек өлшеуге және оқыту әдістерін бейімдеуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялардың интеграциясы болашақ информатика мұғалімдеріне еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды береді. Бұл қазіргі қоғам талаптарына жауап беріп, студенттерді болашақ кәсіби қызметінде заманауи технологияларды оқыту процесінде тиімді пайдалануға дайындайды. Зерттеу нәтижесінде сонымен қатар мұғалімдерді цифрлық технологияларды оқу процесінде тиімді қолдануға үйрету қажеттілігін көрсетеді. Болашақ

информатика пәні мұғалімдерін даярлауда цифрлық технологияларды пайдалану білім сапасының жоғарылауына әкеліп, заман талабына бейімделіп, студенттердің бойында қажет дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл нәтижелер информатика пәнін оқыту бойынша білім беруде жоғары деңгейді қамтамасыз ету үшін цифрлық білім беру шешімдеріне одан әрі зерттеулер мен инвестициялаудың маңыздылығын көрсетеді.

Заманауи білім беруде цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады. Олар білімге қолжетімділікті жақсартуға, оқытудың тиімділігін арттыруға және оқыту әдістерін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Оқу процесінде цифрлық технологияларды қолдану студенттерге интерактивті және дараланған оқытуды алуға, сонымен қатар цифрлық дәуірде табысқа жету үшін қажетті дағдыларды дамытуды талап етеді.

Сауалнама барысында алынған мәліметтерді талдау нәтижелерін қорытындылай келе, оқытушылардың цифрлық ресурстар мен құралдарды білетінін және пайдаланатынын, олардың студенттердің білім беру нәтижелерін қалыптастырудағы маңыздылығын түсінетінін атап өтеміз. Мұғалімдер өздерінің цифрлық құзыреттілік деңгейін барабар бағалайды ма деген сұрақ ашық күйінде қалып отыр және одан әрі зерттеуді қажет етеді. Тек респонденттердің көпшілігі табысты кәсіби қызмет үшін жеткілікті деп санайтынын көрсетті. Цифрлық құралдарды меңгермеген немесе оларды пайдалану сәнді хобби, кейде сабаққа дайындалу кезінде ауыртпалық деп санайтын мұғалімдердің белгілі бір пайызы кез келген жағдайда кездесуі мүмкін. Дегенмен, оның қысқаруы, біздің ойымызша, мұғалімдердің цифрлық білім берудің мәніне деген көзқарасы өзгерген кезде болады. Цифрлық технологияларды мектеп жағдайында мүмкін болатын жалғыз мүмкіндік емес екенін есте ұстаған жөн, бірақ ол студент үшін де, оқытушы үшін де жетістіктер тудыратыны сөзсіз. Оқытуды дербестендірудің ресурстары пайда болуда, ынтымақтастықтың жаңа үлгілері пайда болып, студенттер үшін инновациялық және тартымды білім беру технологияларының ауқымы кеңейіп келеді. Цифрлық құралдар дидактикамен және пәндерді оқыту әдістерімен тәжірибе жасауға, студенттер мен олардың ата-аналарынан жылдам кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Олар студенттермен белсендірек қатысушыларға айналдырып, мұғалімдерге оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тәсілдерін, әдістерін, үлгілерін жасауға мүмкіндік бере отырып, оқу-тәрбие процесін жоғары деңгейге көтереді. Қолданыстағы цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларын зерттеу бақылау-өлшеу материалдарын құруда қандай құралдар белсенді қолданылатынын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл веб-сайттарды, онлайн платформаларды, қолданбаларды және басқа цифрлық құралдарды талдауды қамтуы мүмкін.

Қорытынды

Болашақ информатика мұғалімдеріне арналған бақылау-өлшеу материалдарын жасауда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі оқу тәжірибесіндегі елеулі қадам болып табылады. Заманауи цифрлық құралдарды енгізу мамандарды даярлау сапасын арттырып қана қоймай, оқу материалын тереңірек түсінуге және меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды пайдалану бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеу және жаңарту процесін жеңілдетеді, бұл білім беру ұйымдарына оқу жоспарларының өзгерістеріне және еңбек нарығының талаптарына тез жауап беруге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, болашақ информатика мұғалімдерін жоғары сапалы даярлау үшін және білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайында жұмыс істеуге дайындығын қамтамасыз ету үшін болашақта оқу үдерісінде цифрлық технологиялар көмегімен тиімді бақылау-өлшеу құралдарын әзірлеу керектігі және олардың тәжірибе жүзінде тиімділігін бағалайтын әдістеменің қажеттілігі туындады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

[1] Кязимов К.Г. Цифровая образовательная среда – важное условие подготовки квалифицированных кадров: моногр. М., 2021. 196 с.;

- [2] G. Petana, C. Rosa, *Digital Transformation and the Impact in Knowledge Management* // Scitepress- Science and Technology Publications, pp.180-187, 2020. <https://doi.org/10.5220/0010134001800187>
- [3] Camilleri M.A., Camilleri A.C. *Digital Learning Resources and Ubiquitous Technologies in Education* // *Technology, Knowledge and Learning* 22 (1), 65-82, 2017
- [4] Dunn, Karee E. and Mulvenon, Sean W. (2019), *A Critical Review of Research on Formative Assessments: The Limited Scientific Evidence of the Impact of Formative Assessments in Education* // *Practical Assessment, Research, and Evaluation*: Vol. 14, Article 7. <https://doi.org/10.7275/jg4h-rb87>
- [5] Chunsen Liu, Huawei Chen, Shuiyuan Wang, Qi Liu, Yu-Gang Jiang, David Wei Zhang, Ming Liu & Peng Zhou, *Two-dimensional materials for next-generation computing technologies* // *Nature Nanotechnology* volume 15.2020. pages 545–557
- [6] Кеңесбаев С.М., Пирниязова П.М., Өлмесбек А.А. *Модели и методы трансформации образовательного процесса в цифровой формат образования* // *Danish Scientific Journal*, 2023г. №71, 87-92
- [7] Кеңесбаев С.М., Мажибаяева Г.П., Kultan J., Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық өлшемдердің ролі мен орны // «Үздіксіз кәсіби білім беру жағдайындағы педагогтердің құзыреттілігінің деңгейлік мазмұны және оны бағалау тетіктері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы III-бөлім, 2023ж., 629-632.
- [8] Christina Wekerle, Martin Daumiller, Ingo Kollar. *Using digital technology to promote higher education learning.* // *The importance of different learning activities and their relations to learning outcomes.* 2020. Pages 1-17, Published online: 14 Aug
- [9] Гузь Н. А. *Цифровая трансформация высшего образования: глобальные тренды и антитренд* // *Мир науки, культуры, образования.* 2022. № 3 (94). С. 99–103
- [10] Shute V.J., Rahimi S., *Review of computer-based assessment for learning in elementary and secondary education* // *Virtual, Augmented and Mixed Realities in Education*, 2017. pp 71–87. <https://doi.org/10.1111/jcal.12172>
- [11] Ian Sadler & Nicola Reimann. *Variation in the development of teachers' understandings of assessment and their assessment practices in higher education.* *Higher Education Research & Development* Volume 37, 2018, 131-144, <https://doi.org/10.1080/07294360.2017.1344199>
- [12] N. Kerimbayev, J. Kultan, S. Abdykarimova & A. Akramova. *LMS Moodle: Distance international education in cooperation of higher education institutions of different countries.* // *Education and Information Technologies.* Volume 22, 2017. 2125–2139. <https://doi.org/10.1007/s10639-016-9534-5>
- [13] Guillén-Gámez, F.D., Mayorga-Fernández, M.J., Bravo-Agapito, J. et al. *Analysis of Teachers' Pedagogical Digital Competence: Identification of Factors Predicting Their Acquisition* // *Tech Know Learn* 26, 2021. 481–498. <https://doi.org/10.1007/s10758-019-09432-7>

References

- [1] Kyazimov K. G. (2021) *Tsifrovaya obrazovatel'naya sreda – vazhnoye usloviye podgotovki kvalifitsirovannykh kadrov* [The digital educational environment is an important condition for the training of qualified personnel]: monogr. M., 196. (In Russian)
- [2] G. Petana, C. Rosa. (2020) *Digital Transformation and the Impact in Knowledge Management* // *Scitepress- Science and Technology Publications*, 180-187, doi: <https://doi.org/10.5220/0010134001800187> (In English)
- [3] Camilleri M.A., Camilleri A.C. (2018) *Digital Learning Resources and Ubiquitous Technologies in Education* // *Technology, Knowledge and Learning* 22 (1), 65-82.
- [4] Dunn, Karee E. and Mulvenon, Sean W. (2019) *A Critical Review of Research on Formative Assessments: The Limited Scientific Evidence of the Impact of Formative Assessments in Education* // *Practical Assessment, Research, and Evaluation*: Vol. 14, Article 7. <https://doi.org/10.7275/jg4h-rb87> (In English)
- [5] Chunsen Liu, Huawei Chen, Shuiyuan Wang, Qi Liu, Yu-Gang Jiang, David Wei Zhang, Ming Liu & Peng Zhou. (2020) *Two-dimensional materials for next-generation computing technologies* // *Nature Nanotechnology* volume 15, pages 545–557 (In English).
- [6] Кеңесбаев С.М., Пирниязова П.М. (2023) *Өлмесбек А.А. Модели и методы трансформации образовательного процесса в цифровой формат образования* [Models and methods of transformation of the educational process into a digital education format]. *Danish Scientific Journal*, №71, 87-92 (In Kazakh).
- [7] Kenesbayev S.M., Mazhibayeva G.P., Kultan J. (2023) *Zhoғary oku oryndaryndaғы pedagogikalyk, olshemderdin roli men orny* [The role and place of pedagogical criteria in higher education. «Үздіксіз кәсіби

bilim беру zhagdajy`ndagy` pedagogterdin kury`rettiliginin dengejlik mazmuny` zhane ony` bagalau tetikteri» taky`ry`by`nda xaly`karaly`kgzy`ly`mi-praktikaly`k konferenciya zhinagy` III-belim. 629-632. (In Kazakh)

[8] Christina Wekerle, Martin Daumiller, Ingo Kollar. (2020) *Using digital technology to promote higher education learning. // The importance of different learning activities and their relations to learning outcomes. Pages 1-17, 14 Aug (In English)*

[9] Guz' N. A. (2022) *Tsifrovaya transformatsiya vysshego obrazovaniya: global'nyye trendy i antitrend. Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya [Digital transformation of higher education: global trends and the anti-trend]. № 3 (94), 99–103 (In Russian)*

[10] Shute V.J., Rahimi S. (2017) *Review of computer-based assessment for learning in elementary and secondary education. Virtual, Augmented and Mixed Realities in Education, 71–87, <https://doi.org/10.1111/jcal.12172>, (In English)*

[11] Ian Sadler & Nicola Reimann. (2018) *Variation in the development of teachers' understandings of assessment and their assessment practices in higher education. // Higher Education Research & Development Volume 37, 131-144, <https://doi.org/10.1080/07294360.2017.1344199>, (In English)*

[12] N. Kerimbayev, J. Kultan, S. Abdykarimova & A. Akramova (2017) *LMS Moodle: Distance international education in cooperation of higher education institutions of different countries. Education and Information Technologies. Volume 22, 2125–2139, <https://doi.org/10.1007/s10639-016-9534-5> (In English)*

[13] Guillén-Gámez, F.D., Mayorga-Fernández, M.J., Bravo-Agapito, J. et al. (2021) *Analysis of Teachers' Pedagogical Digital Competence: Identification of Factors Predicting Their Acquisition // Tech Know Learn 26, 481–498. <https://doi.org/10.1007/s10758-019-09432-7> (In English).*

Г.А. Мадьярова¹, Д.Б. Оразжанов^{1*}

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: orazghanovdb@gmail.com

«БІЛІМ БЕРУДЕГІ АДДИТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ПӘНІНІҢ МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІН ҚҰРУ

Аңдатпа

Аддитивті технологияларды практикалық қолдану, оқу бағдарламасына енгізу, заманауи технологияларды оқу процесіне интеграциялау мүмкіндіктерін арттырады. Студенттердің теориялық білімді іс жүзінде қолдану, өз жобаларын құру және нақты мәселелерді шешу мүмкіндіктері кеңейеді. Аддитивті технологиялар бойынша оқу курсы студенттерге 3D принтерлерді пайдалану мен модельдеуге байланысты практикалық дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Олар цифрлық модельдер жасау, принтерлерді конфигурациялауды, материалдарды таңдау, өңдеу және дайын өнімнің сапасын бақылауды үйренеді. Ғылыми мақаланың мақсаты шетелдік және отандық білім беру мекемелерінде аддитивті технологияларды қолдану тәжірибесін зерттеу, мазмұндарын анықтау. Білім берудегі аддитивті технологиялар пәнінің мазмұндық моделін құру. Мақалада аддитивті технологиялар қарастырылған бакалавр, магистратура бағдарламалары бар университеттердің оқу мазмұнындарына салыстырмалы талдау жасалды. Ғалымдардың білім беруде аддитивтік технологияларды қолдану бойынша зерттеу еңбектері талданды. Сараптамалық талдаулар негізінде 7М01502 - Информатика оқу бағдарламасы бойынша «Білім берудегі аддитивті технологиялар» элективті пәнінің мазмұндық моделі құрылды.

Түйін сөздер: аддитивті технологиялар, 3D басып шығару, 3D принтер, білім саласы, инновациялық ойлау.

Г.А. Мадьярова ¹, Д.Б. Оразжанов ¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА СОДЕРЖАТЕЛЬНОЙ МОДЕЛИ ДИСЦИПЛИНЫ «АДДИТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ»

Аннотация

Практического применения аддитивных технологий повышает возможности, их внедрения в учебную программу, интеграции современных технологий в учебный процесс. Расширяются возможности студентов по практическому применению теоретических знаний, созданию собственных проектов и решению конкретных задач. Учебный курс по аддитивным технологиям позволяет студентам приобрести практические навыки, связанные моделированием и с использованием 3D-принтеров. Они учатся создавать цифровые модели, настраивать принтеры, выбирать материалы, обрабатывать и контролировать качество готовой продукции. Цель научной статьи изучение опыта применения аддитивных технологий в образовательных учреждениях зарубежом и республике и определение содержание обучения. Построение содержательной модели дисциплины аддитивные технологии в образовании. В статье проведен сравнительный анализ содержания обучения вузов с программами бакалавриата, магистратуры, в которых рассматриваются аддитивные технологии. Проанализированы исследовательские работы ученых, рассматривающих применение аддитивных технологий в образовании. На основе проведенного анализа разработана содержательная модель элективного курса «Аддитивные технологии в образовании» по образовательной программе 7М01502 - Информатика.

Ключевые слова: аддитивные технологии, 3D-печать, 3D-принтер, область знаний, инновационное мышление.

Madyarova G.A.¹, Orazzhanov D.B.¹

¹ al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF A MEANINGFUL MODEL OF THE DISCIPLINE «ADDITIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION»

Abstract

